

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

СЫНДАРЛЫ
САЯСИ ДИАЛОГ

ортақ жауапкершілікке
негізделген

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №101 (6552) 29 қараша, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ОРТАҚ МҮДДЕ

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шағын және кеңейтілген құрамдағы сессиялары өтті



Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Сессия отырысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов қатысты.

Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Еуразия кеңістігіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін негізгі құрылымдардың біріне айналғанын атап өтті.

– ҰҚШҰ қазіргі сын-қатерлер жағдайында ұйымға мүше барлық елдер үшін қауіпсіздік кепілі ретінде өзінің қажет екенін көрсетіп отыр. Біздің үйлесімді әрекеттеріміз, өзара сенім мен қолдауымыз ең қиын әрі ауқымды міндеттерді шешу жолындағы ұжымдық қабілетімізді нығайтады. ҰҚШҰ – жай ғана әскери серіктестік емес, мемлекеттеріміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғау мақсатындағы күш-жігеріміз бен ресурстарымызды біріктіретін бірегей механизм екенін атап өткен ләзім, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ – СЫРҒАНАҚ

Алматыда 12 тегін мұз айдыны қолжетімді болады

Қысқы маусымда үйде отырмай, белсенді демалыспен айналысу, әсіресе сырғанақ тебу – денсаулыққа пайдалы әрекет. Алматының табиғаты, ауа райы мен инфрақұрылымы мұндай қысқы спорт түрлеріне керемет мүмкіндіктер сыйлай алады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

- Алматы қалалық Спорт басқармасы тұрғындарға белсенді демалыс пен спортпен шұғылдануға қолжетімді жағдай жасау мақсатында мегаполисте 12 тегін ашық мұз айдынын ұйымдастырып отыр. Мұз айдындары күн сайын келесі мекенжайлар бойынша жұмыс істейтін болады:
- Республика сарайының алдындағы Абай алаңы;
 - Nalyk Arena;
 - 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақ;
 - Тұңғыш Президент саябағы;
 - Наурызбай әкімдігінің алдындағы алаң;
 - ҚБТУ тұрағы;
 - «Авиатор» стадионы;
 - «Көкжиек» ш/а;
 - «Гүлдер» саябағы;
 - Алматы Арена;
 - №6 оқушылар үйі;
 - Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрының алды.



Айта кетейік, жоба бұқаралық спортты дамыту аясында және қала тұрғындарының бос уақытын ұйымдастыру мақсатында іске асырылуда. Мұз аландарының ауданы мұз бетінің 500 м² 1900 м² құрайды.

Барлық мұз айдындарының күтілетін өткізу қабілеті бір маусымда 300 мыңнан астам адамды құрайды. Мұз айдындарында конькиді жалға беру пункттері жұмыс істейді. Конькиді жалға алу құны сеанс үшін 1,5 мың теңге (2 сағат). Беру пункттерінің жұмыс режимі жұмыс күндері 10.00-ден 22.00-ге дейін және демалыс және мереке күндері 10.00-ден 23.00-ге дейін. Конькимен сырғанау толығымен тегін.

Жоспар бойынша егер ауа райы мұз аландары үшін қолайлы болса, ағымдағы жылдың 1 желтоқсанында ашылуы тиіс. Еске салсақ, ашық мұз айдыны бойынша жобаны Спорт басқармасы 2017 жылдан бастап іске асырып келеді. Осы уақыт ішінде оларға 2 миллионнан астам адам келген.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

29.11.2024

Түнде:
 +1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
 +15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

30.11.2024

Түнде:
 +3+5 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
 +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр.

01.12.2024

Түнде:
 +1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар).

Күндіз:
 +5+7 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар).

www.aqshamnews.kz

Қазақстан-Ресей қарым-қатынасы:

СЫНДАРЛЫ СЯЯСИ ДИАЛОГ

ортақ жауапкершілікке негізделген

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 27 қарашада Қазақстанға Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин мемлекеттік сапармен келді.

Жоғары мемлекетаралық мәртебе

Осы жүздесу қарсаңында «Известия» газетінде жарияланған мақалада Владимир Путиннің елімізге мемлекеттік сапарын қазақ-орыс қатынасының тарихындағы аса маңызды оқиға деп бағалаған Қасым-Жомарт Тоқаев бұл қарым-қатынас – екі елдің стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы тығыз астасып жатқан тарихи және мәдени байланыстарға, сондай-ақ, қос халықтың болашағына қатысты ортақ жауапкершілікке негізделгеніне маңыз берді. Президент атап өткендей, екі елдің жаһандық және аймақтық деңгейдегі көптеген мәселеге қатысты ұстанымы да үндес. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес және басқа да интеграциялық бірлестіктер аясындағы тығыз ықпалдастық – соның айқын дәлелі. Бұрын-соңды болмаған жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, екі ел тату көршілік пен сан салалы ынтымақтастықтың үлгісін көрсетіп келе жатыр, бұл ынтымақтастыққа ортақ мүдде, өзара сыйластық, ең жоғары деңгейдегі сындарлы саяси диалог арқау болып отыр. Қазақстан мен Ресей көп поллярлы әлем, бейбіт диалог, барлық мемлекеттердің егемендігін құрметтеу сынды идеяларды дөрілтеп, халықаралық аренада өзара табысты қарым-қатынас орнықтырған.

Жоғары мемлекетаралық мәртебесі бар Ресей басшысының сапары арасында да екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің мәңгі-бақи айрықша екенін көрсеткендей. Сапар аясында тараптар шағын және кеңейтілген құрамда жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізді. Өнеркәсіп кооперациясы, энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі, энергия ресурстарының тасымалы, машина жасау, көлік-логистика, қаржы, экология, су саясаты, білім беру, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты дамыту перспективасы талқыланды. Күн тәртібіне қатысты екіжақты барлық өзекті мәселелер қамтылды.

Президенттер бейнеконференция арқылы



КЕРЕК ДЕРЕК

- Қазақстанда Ресейдің 23 мың компаниясы табысты жұмыс істеуде.
- Қазақстан экономикасына Ресейден келген тікелей инвестиция көлемі 24 миллиард доллардан асты.
- Бүгінде жалпы инвестиция көлемі 18,3 миллиард доллар болатын 93 бірлескен жоба жүзеге асты. Соның нәтижесінде Қазақстанда 22 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды.
- Алдағы уақытта шамамен құны 29,5 миллиард доллар болатын және 20 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 49 жоба қолға алынбақ.
- Өзара сауда-саттық үздіксіз дамуда, таяу уақытта екіжақты тауар айналымын 30 миллиард долларға дейін жеткізуге мол мүмкіндік бар.
- Екі ел арасындағы шекара – әлемдегі құрлық арқылы өтетін ең ұзын шекара саналады. Қос тараптың шекарасы маңындағы аудандарда 32 миллионға жуық адам тұрады.
- Қазір Ресейдің оқу орындарында Қазақстаннан барған 60 мыңға жуық студент білім алып жүр.
- Қазіргі уақытта Қазақстан 86 мемлекеттің азаматына визасыз режим ұсынады және әлемнің 31 елімен тікелей әуе қатынасын орнатқан.

Қазақстан-Ресей XX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысына қатысып, сөз сөйледі. Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің базасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалын ресми түрде ашты. Дәстүрлі түрде Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарына тән өзара толық түсіністік, ашықтық пен сенім жағдайында, екіжақты ынтымақтастықтың барлық кешені бойынша жемісті келіссөздер жүргізді, өзекті халықаралық және өңірлік тақырыптар бойынша пікір

алмасты, екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетудің перспективаларын қарастырды. Сапар аясында қабылданған 20 келісімнен тұратын маңызды құжаттар өзара тату көршілік және серіктестік рухындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға тың серпін бермек. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, екі жақты кездесулер инвестиция және сауда саласындағы ынтымақтастықты жандандыруға, қос халықтың игілігіне арналған бірлескен жобаларды бастауға септігін тигізбек. 2025 жылы көптеген бірлескен бастамалар мен ортақ жобаларды жүзеге асыруға

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Владимир ПУТИН,
Ресей Президенті:

ҚАЗАҚСТАНДЫ АДАЛ ДОСЫМЫЗ ЖӘНЕ ЖАҚЫН ОДАҚТАСЫМЫЗ ДЕП ТАНИМЫЗ

Қазақстан – біздің стратегиялық серіктесіміз және сенімді одақтасымыз. Шағын құрамдағы келіссөз барысында екіжақты байланыстар аясында туындайтын проблемаларға назар аудардық. Ең бастысы, барлық сауалдың жауабын табуға ортақ ұмтылыс бар. Мен екі ел арасында шешілмейтін түйткіл жоқ екенін жақсы білемін. Ал мұндай ниеттестік үлкен жетістіктерге ұласады. Қазақстан толайым табыстарға қол жеткізді. Біз бұған қуаныштымыз. Өйткені, екіжақты ынтымақтастықтың ауқымы артып келеді. Қазіргідей қиындықтарға қарамастан, ықпалдастығымыз кеңеюде әрі қос тарапқа да тиімді.

Ресей Қазақстанның ең ірі сауда-экономикалық серіктесінің бірі болып қала береді. Сауда айналымы өсті, былтыр оның көлемі 28,5 миллиард долларды құрады. Қазақстан экономикасына құйылған инвестиция 13 миллиард долларға жетті. Әрине, біз азаматтық қоғам, білім, ғылым және мәдениет бағытында дамып келе жатқан гуманитарлық байланыстарымызды бағалаймыз. Бұл тұрғыда Ресейде білім алатын шетелдік студенттердің басым бөлігін қазақстандық жастар құрайтынын айтсақ жеткілікті. Аймақаралық ынтымақтастық та табысты өрбіп келеді. Бүгін Уфада кезекті іс-шара өтіп жатыр. Біз Қазақстан Президентінің осынау маңызды жұмыстарға әрдайым ықылас қойып отыратынын жақсы сезінеміз. Қазақстанды адал досымыз және жақын одақтасымыз деп танитымыз.

мол мүмкіндік бар. Соның бәрі екі ел азаматтарының игілігіне айналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне бірлескен мәлімдеме жасады. Келіссөздер қорытындысы бойынша Президенттер Жаңа жаһандық тәртіп жағдайында стратегиялық әріптестікті тереңдету туралы бірлескен мәлімдеме қабылдады.

кеңейтілген құрамдағы сессиясына Мемлекеттер Президенттерімен қатар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бас хатшысы Сергей Лебедев пен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин қатысты.

Президенттің айтуынша, бүгінде ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін тиімді әрі қажетті халықаралық құрылымға айналды. Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында Ұйым жарғысына сай ынтымақтастық бағыттары бойынша 60-қа жуық іс-шара ұйымдастырылған. Халықаралық аренада келісілген ұстанымдарды ілгерілету бойынша серіктестермен бірлесіп жұмыс жүргізілді. Жыл бойы өзекті сын-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселесіне ерекше ден қойылды. ҰҚШҰ төрағасы ретінде Қазақстан айқындаған басымдықтар жүйелі әрі қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді.

Президент Ұйымның Бас хатшысына, ҰҚШҰ-ның Тұрақты кеңесі мен жұмыс органдарына атқарылған ауқымды жұмыс үшін ризашылығын жеткізді. ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамдағы сессиясы барысында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалықтың Қырғыз Республикасына өтуі туралы шешімнің қабылдануымен құттықтап, қырғыз тарапының жауапты міндетті табысты атқаруына тілектестік білдірді.

Жиын қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдап, бірқатар құжатқа қол қойды. Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасы бекітілді. Сонымен қатар Президенттер Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты мәлімдеме қабылдап, келесі жылы осы айтулы датаға орай ұйымдастырылатын мерекелік іс-шаралардың жоспарын бекітті. Астанада қабылданған құжаттар Ұйым мен ұжымдық қауіпсіздік жүйесін барлық мүше мемлекеттердің мүддесіне сай кешенді түрде дамытуға бағытталған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ОРТАҚ МҮДДЕ



(Басы 1-бетте)

Президент Қазақстанның ҰҚШҰ төрағасы ретінде ұйымға мүше елдер арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайтуға, дағдарыс жағдайларында жедел әрекет ету тетіктерінің тиімділігін арттыруға бар күш-жігерін жұмсағанын айтты. Сондай-ақ, терроризм, кибершабуыл, трансұлттық қылмыс және заңсыз есірткі айналымы секілді қазіргі заманның қауіп-

қатерлеріне қарсы күресте Ұйым мүмкіндіктерін жетілдіруге баса мән берді.

Жиын барысында халықаралық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының 2024 жылы ҰҚШҰ-ға төрағалығы қорытындыланды және алдағы кезеңнің жоспары нақтыланды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің



СҰХБАТ

Экстремистік көзқарастың қаншалықты қауіпті екенін алматылықтар жақсы біледі. 2016 жылғы Алматы қаласында орын алған қайғылы оқиға көпшіліктің есінде. Бұл оқиға экстремизм мен терроризмнің шынайы қауіпін сезіндіріп, оның алдын алудың маңызды екенін көрсетті. Қазір де БАҚ пен әлеуметтік желілерде діни экстремистік топтарға мүше болды деген күдікке ілінген азаматтар туралы жиі ақпарат таралып жүр. Мұндай жағдайлар қоғамның бірлігін, тыныштығын сақтауға бағытталған шараларды күшейтуді талап етеді. Осыған орай, дінтанушы Әл-Фараби Нұрбекұлы БОЛАТЖАНМЕН сұхбаттастық.



Әл-Фараби БОЛАТЖАН, дінтанушы:

«ӨЗ ПІКІРІ ЖОҚ АДАМ АРБАУҒА ОҢАЙ ТҮСЕДІ»

– Әл-Фараби мырза, алдымен діни экстремизм мен терроризм ұғымдарының айырмашылығын түсіндіріп берсеңіз.

– Экстремизм терминінің тілдік мағынасы шеттеу немесе орталықтан ауытқу дегенді білдіреді. Құқықтық тұрғыда ол ұлттық, рулық, діни алауыздықты қоздыру әрекеттерін қамтиды. Яғни біреу басқа дін өкілдеріне зорлық-зомбылық жасауға шақырса немесе Конституциялық құрылымды күшпен өзгертуді насихаттаса, ол діни экстремизмге жатады.

Ал терроризм – үрей туғызуды мақсат ететін зорлық-зомбылық. Террористік актілер арқылы мемлекетті саяси шешімдерді қабылдауға мәжбүрлеу көзделеді. Айырмашылықты айтсақ, экстремизм – алауыздық туғызатын үгіт-насихат болса, терроризм – сол үгіттің нәтижесінде жасалатын зорлық-зомбылық.

– Алматыда діни экстремизм мен терроризмнің қауіп қандай деңгейде?

– Алматы – еліміздің ірі мегаполисі, мәдени және саяси орталық. Мұнда тұрғындардың көптігі мен түрлі мәдени топтардың болуы қауіп деңгейін арттырады. Қалада діни экстремистік ұйымдардың белсенділігін төмендетуге бағытталған шаралар тұрақты түрде жүргізіледі. Мәселен, 2024 жылдың қараша айында Алматыда ақпараттық-түсіндіру топтарының жұмысы қарқынды жүріп, тұрғындарға экстремистік ұйымдардың белгілері түсіндірілді. Сонымен қатар, радикалды идеологияны таратумен күресу мақсатында арнайы жобалар іске асырылуда.

Әлеуметтік желілер мен интернет арқылы радикалдану жағдайлары жиі кездеседі. Мысалы, «Мұсылман бауырлар» сияқты халықаралық террористік ұйымдардың идеологиясы

байқатпай таралуда. Бұл ұйымдар Алматы сияқты ірі қалаларда діни киім, шариғат қағидаларын насихаттау арқылы зайырлы құрылымға қарсы әрекет етуде. Олар демократиялық жолмен билікке еніп, теократиялық жүйені орнатуды көздейді. Мұндай жағдайлар мегаполистегі тұрғындардың заңды құқықтарын қорғау мен түсіндіру шараларының маңызды екенін айқын көрсетеді.

– Алматылықтар осындай қауіптерден қалай сақтана алады?

– Біріншіден, кез келген діни ақпаратты тексеріп, отандық мамандардың көмегіне жүгіну керек. Алматы қаласында Дін істері жөніндегі басқарма мен түрлі қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. Олардың сайттарында тыйым салынған ұйымдар мен экстремистік белгілер туралы ақпарат беріледі.

Екіншіден, сыни ойлау қабілетін дамыту маңызды. Өз пікірі жок, дамуға ұмтылмайтын адам арбауға оңай түседі. Алматы – зайырлы мемлекетке сай, көпмәдениетті қала. Республика аумағында 18 конфессия тіркелсе, соның 17-сі Алматыда тіркелген. Сондықтан Конституциямыздың 1-бабында көрсетілген зайырлы мемлекеттілік қағидаларын құрметтеу қажет. Егер күмәнді насихат байқалса, құқық қорғау органдарына хабарлау керек.

– Мемлекеттік және қалалық деңгейде қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– Алматы қаласында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру топтары жұмыс істейді. Бұл топтардың құрамында дінтанушылар, психологтар, құқық қорғау органдарының мамандары бар. Олар оқу орындарында, кәсіпорындарда, мешіттер мен басқа да нысандарда түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, интернет кеңістігінде радикалдық идеологияны анықтауға арналған бақылау күшейтілген.

Қаланың әкімдігі мен құқық қорғау органдарының тығыз байланыста жұмыс істеуі экстремизмге қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттырады. Мәселен, жуырда мен дінтанушы ретінде Алматының аудандарында апта бойы мектеп оқушыларына «Кибергигиена» тақырыбында дәріс оқыдым. Яғни тақырыптың негізгі мақсаты – киберкеңістік арқылы радикалдану және ҚР діни салаға қатысты заңнамасын бұзу тәуекелдерін алдын алу. Менимен бірге тағы наркомания мен есірткі қылмысын алдын алу бойынша Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлімінің өкілі және дәрігер-нарколог та дәріс оқыды.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Пердехан ШӘМШИЕВ.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Алматы – еліміздің ең үлкен мегаполисі. Бұл шаһар күн сайын өркендеп, өсіп келе жатыр. Халық санымен қоса, көлік саны да артып, қаланың инфрақұрылымы жаңа сынақтарға тап болуда. Осының нәтижесінде қала аумағында жанармай құю бекеттері де көбейіп, кей жерлерде тұрғын үйлерге тым жақын орналасып кетті. Бұл жағдай халықтың қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіреді. Себебі, жанармай құю бекеттері тек көліктерді жанармаймен қамтамасыз ету орны ғана емес, сондай-ақ өрт пен жарылыс қауіпі жоғары нысандар екені баршамызға мәлім. Сондықтан біз бүгінгі тақырыпта осы күрделі мәселені көтергенді жөн санадық.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Халықтың қауіпсіздігін кім қорғайды?

Жасыратыны жоқ, Алматы қаласында жанармай құю бекеттері өте көп. Кейбірі тұрғын үйлердің жанында орналасқан. Тіпті, ойын алаңдарына жақын орналасқан бекеттер де жоқ емес. Бұл – үлкен алаңдаушылық туғызатын мәселе. Себебі, мұндай нысандар тек қажеттілік қана емес, төтенше жағдайларға алып келуі мүмкін қауіпті орын екені анық. Осы мәселе шешімін таппаса, алдағы уақытта орны толмас апаттарға әкелуі ықтимал.

Мұндай жақындық – төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне қауіп төндіретін сөзсіз. «Апат айтып келмейді» демекші, егер кенеттен жанармай бекетінде жарылыс немесе өрт орын алса, жақын маңдағы үйлер мен адамдарға үлкен қауіп төнетіні анық. Қаланың тығыз көшелерінде өрт сөндірушілердің жетуі, апатты дер кезінде жою мүмкіндігі де шектеулі болуы ықтимал. Мұндай жағдайлар әлемде бұрыннан белгілі: мысалы, 2015 жылы Гананың Аккра қаласында жанармай бекетіндегі өрт үлкен апатқа ұласқан, салдарынан 150-ден астам адам қайтыс болған.

Шетелдік тәжірибе қалай?

Алматыдағы жанармай құю бекеттерін қала сыртына көшіру мәселесі экологиялық және қауіпсіздік тұрғысынан маңызды бастама. Бұл

ЖАНАРМАЙ БЕКЕТТЕРІ қала сыртына көшірілуі керек пе?

тәжірибе әлемнің бірнеше дамыған елдерінде қолданылып келеді және әрқайсысында өзіндік ерекшеліктер бар. Мысалы, Францияда жанармай құю бекеттері көбіне ірі автомагистральдардың бойында орналасқан. Ал қала ішінде тек шағын электр зарядтау станциялары мен экологиялық қауіпсіз жанармай түрлері сатылатын нүктелер қалады.

Германияда қауіпсіздік стандарттары өте жоғары деңгейде сақталған. Қаланың тығыз орналасқан аудандарында жанармай құю бекеттерін салуға шектеулер қойылған. Жаңа станциялардың қала сыртында, логистикалық орталықтар мен жол бойында орналасуы талап етіледі. Ал Швецияда Энергетикалық трансформация арқылы ЖҚБ-ны (жанармай құю бекеттерін) біртіндеп қысқарту жүргізілуде. Қаланың ішінде тек электр немесе сутегі зарядтау станциялары бар. АҚШ-тың тәжірибесін айтатын болсақ, онда жанармай бекеттері

негізінен қалалардың шетінде немесе магистральдарда орналасады. Қаланың ішінде бензин станциялары болған жағдайда, оларға жоғары экологиялық талаптар қойылады. Жер астындағы резервуарлардың герметикалығы, сүзгілеу жүйелерінің болуы, ауаға зиянды қалдықтардың таралуы қатаң бақылауға алынған. Ал Азия елдерінің ішіндегі Жапонияда қала ішінде бекеттер саны шектеулі. Бекеттер компактті және тек экологиялық таза отын түрлерін ұсынады. Сингапурде қалаға кірген көліктердің көпшілігі электр қуатымен жүретіндіктен, жанармай бекеттері көбіне қала сыртында орналасқан.

Мәселені мемлекеттік деңгейде көтеру керек

Алматыда жанармай құю бекеттерін қала сыртына шығару – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір жолы. Мұндай

тәжірибе көптеген дамыған елдерде қолданылатынын жоғарыда жаздық. Шет елде қалалық аймақтағы адамдардың өмірі мен мүлкін қорғауды басты назарда ұстайды. Бізге де осы бағытты ұстанатын кез келді. Алайда, бұл мәселені шешу оңай емес. Жанармай мен мұнай бизнесінің артында үлкен алпауыт компаниялар тұр. Олардың мүддесі, қаржылық қуаты қала тұрғындарына кедергі келтіруі мүмкін. Дегенмен, бұл халықтың қауіпсіздігіне тікелей байланысты мәселе болғандықтан, оған мемлекет деңгейінде назар аударылып, шешім қабылдануы тиіс.

Осы ретте жанармай құю бекеттерін қаланың сыртына немесе тұрғын үйлерден қауіпсіз арақашықтыққа орналастыру бағдарламасын әзірлеп, халықтың қауіпсіздігін ескере отырып, бекеттерді қауіпсіз аймақтарға көшірудің нақты жоспарын жасауымыз керек. Жанармай бекеттерінің орналасуына қатысты заңнаманы күшейтіп, жаңа бекеттерді салу кезінде тұрғын үйлер мен қоғамдық нысандарға жақын орналасуға тыйым салатын қатаң ережелер енгізген жөн. Төтенше жағдайларға дайындықты күшейтіп, қалалық өрт сөндіру қызметін жанармай бекеттеріне қатысты арнайы дайындықтан өткізу, қауіпті аймақтарда қосымша өрт сөндіру бөлімдерін құру маңызды. Сонымен бірге, Алматы тұрғындарына жанармай бекеттерінің қауіптілігі туралы хабардар етіп, қажет болған жағдайда олардан тиісті арақашықтықты сақтау керектігі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

● ТҮЙІН:

Алматы қаласында жанармай құю бекеттерін қала сыртына шығару – қаланың қауіпсіздігін арттырудың маңызды қадамы. Бұл мәселені кешіктірмей шешу қажет. Әрбір адам өзінің және отбасының өміріне қауіп төндірмей, қала ішінде қауіпсіз өмір сүруі керек. Біз, азаматтар, бұл мәселені үкіметтік деңгейде көтеріп, халықтың қауіпсіздігі үшін талап қоюымыз қажет. Әкімдік пен үкімет жанармай және мұнай бизнесінің мүддесіне қарамастан, халықтың игілігі үшін батыл қадамдар жасауы тиіс.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айдар ҚАСЫМБАЕВ, Алматы қаласының тұрғыны:

ЖАНАРМАЙ БИЗНЕСІНІҢ АРТЫНДА ІРІ КОМПАНИЯЛАР ТҮР

Мұндай тәуекелдер Алматы үшін де өзекті. Қаладағы көлік тығыны, көшелердің тарлығы төтенше жағдайларда өрт сөндірушілер мен жедел жәрдемнің уақытылы жетуіне кедергі келтіруі мүмкін. Жанармай бекеттері тек өрт қауіпін емес, экологиялық зиянды да тудырады. Жақын маңдағы тұрғындар бензин булары мен жанармай қалдықтарын күнделікті жұтып, денсаулығына зиян келтіреді. Сондықтан жанармай бекеттерін қала сыртына шығаруды қажеттілік деп түсінуіміз керек. Алайда, бұл оңай шешілетін мәселе емес. Қазақстанда жанармай бизнесінің артында ірі компаниялар тұр, олардың мүдделері бұл процесті баяулатыуы мүмкін. Бірақ мемлекет халықтың қауіпсіздігін бірінші орынға қоюы тиіс. Үкімет бұл мәселені қоғамның талабымен шешуге міндетті.

Бақытжан МҮЗДАҚБАЕВ, азаматтық қорғау подполковнигі:

ҚАУІПСІЗДІК – БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Бұл мәселені шешу үшін бірнеше нақты қадамдар қажет. Біріншіден, заңнаманы күшейту керек. Жаңа жанармай бекеттерінің тұрғын үйлерден, қоғамдық орындардан қауіпсіз арақашықтықта салынуын талап ететін ережелерді заң жүзінде бекіту керек. Екіншіден, қаланың ішінде орналасқан жанармай құю бекеттерін кезең-кезеңімен қала сыртына шығару жоспары әзірленуі тиіс. Бұл бағдарламаға мемлекет пен бизнес бірлесіп қатысуы қажет. Үшіншіден, Алматыдағы өрт сөндіру қызметтері мен медициналық жедел жәрдем арнайы дайындықтан өтіп, жанармай бекеттерімен байланысты төтенше жағдайларға дайын болуы керек. Бұл жерде әр адам өзін және отбасын қауіпсіз сезінуге құқылы. Алматы – тек экономикалық және мәдени орталық емес, сонымен қатар мұнда ондаған мың отбасының үйі бар. Қаланың дамуында тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығы ескерілуі тиіс. Бір сөзбен айтқанда, Алматы – қауіпсіз әрі жайлы қалаға айналуы керек. Ол үшін бұл мәселені сөзбен емес, нақты іспен шешу қажет.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

ТҮНІ КҮНДЕЙ ЖАРҚЫРАЙДЫ

Мегаполисте 95 учаскеге көше шамдары орнатылды

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Алматыда қала тұрғындарын сапалы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.



«Біздің «Кемел» шағынауданында Қапшағай трассасы ауданындағы Қазанат көшесінде жарық ешқашан болған емес. Мұнда адамдар көп тұрады, бұрын бәрі үйлеріне қараңғыда жететін. Әсіресе, мектеп оқушылары мен зейнеткерлерге қиын еді. «Алматы Қала Жарыққа» хабарласқаннан кейін бізге жаңа шам бағаналары қойылды, жарық қосылды, сол үшін үлкен алғыс айтамыз. Енді адам сияқты өмір сүріп жатырмыз», – дейді «Қазанат» МИБ төрағасы Бақыт Арыстанова.

«Ақбұлақ» шағынауданындағы Мұқаев көшесі тұйықталып аяқталады, ал оның соңында қандай да бір себептермен көше жарығы болмайтын. Ал мұнда көпбалалы отбасы тұрады, оқушылар қараңғыда сабақтан қайтарда қатты қорқатын. Көшемізге жарық шамдары өте тез қойылды. «Алматы Қала Жарыққа» хабарласқаннан кейінгі күні бригада келіп, шұңқырлар қазып, бағаналар орнатты. Тағы бір күннен кейін шамдар ілініп, жарық берілді, енді кө-

шеміз жап-жарық, бұл тұрғындар үшін мереке деуге болады, баршаңызға үлкен рахмет», – дейді Алатау ауданының тұрғыны Лунара Сембаева.

«Алматы Қала Жарық» хабарлағандай, жыл соңына дейін қалада бұрын жарықтандырылмаған тағы 25 көше мен тұйық көше жарықтандырылады. Жаңа жарық нүктелерін орнату аудандық әкімдіктердің өтінімдері бойынша жүргізіледі. Олар проблемалық учаскелердің тізімін қалыптастырады. Олар бойынша жұмыс жоспары мен қосылу кестесі жасалады. Қазір 2025 жылға арналған жарық-

тандырылмаған учаскелерді жою бойынша ақпарат дайындалуда.

Жалпы, ағымдағы жылдың 10 айында Алматыда 27 мыңнан астам шам орнатылып, ауыстырылды, шамамен 300 шақырым кабель тартылды, екі мыңнан астам жаңа жарықтандыру тіректері орнатылды. Қала тұрғындарының 24,5 мың өтінімі пысықталды, бұл келіп түскен барлық өтініштердің 93%-ын құрайды. 5,5 мыңнан астам қысқа тұйықталу және желідегі 4 мыңға жуық үзілген жерлер жойылды. Магистральдық көшелерде 45 шақырым жарықтандыруға байланысты жұмыстар қалпына келтірілді.

МЕМОРАНДУМ

МЕКТЕП АСХАНАСЫ

Тамақтану сапасын жақсартуға бағытталған меморандумға қол қойылды

«Әділдік және Өркендеу» қоғамдық қоры мен «ОО Қазақ тағамтану академиясы» ЖШС арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжатқа қордың Алматы қаласындағы филиалының басшысы Мирас Алмазұлы мен Академия президенті Алмаз Төрегелдіұлы Шарман қол қойды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Меморандумның мақсаты – Қазақстан мектептеріндегі тамақтану сапасын жақсарту. Құжат аясында бірнеше бағытта жұмыс істеу жоспарланған. Атап айтқанда, мектептердегі тамақтану сапасын бағалау, тамақтың сапасын бағалау үшін мониторингтік сапарларды ұйымдастыру,

Академия сарапшыларын талдау жұмыстарына тартып, ұсыныстар әзірлеу, мониторинг нәтижелері мен мектептегі тамақтану сапасын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды қамтитын қорытынды есепті бірлесіп дайындау және жариялау, сондай-ақ, мектептегі тамақтану саласындағы тәжірибе алмасу және ақпараттандыру мақсатында семинарлар, «дөңгелек үстелдер» және басқа да іс-шаралар ұйымдастырып, білім беру ұйымдарына арналған тамақтану стандарттарын әзірлеу.

– Біздің міндетіміз – оқу орындарында дұрыс тамақтанудың мәні мен маңызын түсіндіру. Балаларды қажетті дәрумендер мен микроэлементтермен қамтамасыз етуге және оларға дұрыс тамақтану мәдениетін сіңіруге тырысамыз. «Әділдік және Өркендеу» қорымен бірлесіп тамақтануға ғылыми негізделген тәсілдерді енгізіп, ата-аналар мен педагогтар арасында науқандар өткіземіз, – деп атап өтті Алмаз Шарман.

Меморандумға қол қойылғаннан кейін қоғамдық қордың мүшелері Нұржан Мұхамеджанова, Мирас Байсейітов, Әсет Оңалбай және Әлия Тұрарбековамен кездесу өтті. Кездесу достық және іскерлік атмосферада өтіп, қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, жобаны іске асырудың басым бағыттарын анықтады.

Қор мен Академияның бірлескен жұмысы Қазақстан мектеп оқушыларының сапалы әрі қауіпсіз тамақпен қамтамасыз етуіне ықпал етіп, олардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуға үлес қосады.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ГАЗ ҚҰБЫРЫ жаңартылуда

Шаһар басшысы жұмыс сапары барысында Бостандық ауданындағы Жароков көшесінен Бұқар жырау бульвары арқылы Есентай өзеніне дейінгі газбен жабдықтау желілерін қайта құру жұмыстарымен танысты. Орташа қысымды, ұзындығы 1766,9 метр болатын жерасты газ құбыры 1972 жылы пайдалануға берілген және нормативтік 40 жылдық қызмет мерзімін өтеген. Газ құбырының оқшаулау жабыны мен коррозия түріндегі зақымданулары анықталды. Газбен жабдықтау жүйесінің қауіпсіздігі мен сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін газ құбырын шұғыл ауыстыру қажет болды.

Биыл қыркүйек айында қала әкімі бастамашы болған «Инвестицияға айырбас тариф» республикалық бағдарламасы аясында құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Жұмыстар осы жылдың соңына дейін аяқталады. Газ құбыры Бұқар жырау бульварының оңтүстік жағындағы жолдың жиектастарына жақын бөлігінде төселуде. Шұңқырдың ені 0,8 метрден 1 метрге дейін. Айта кетейік, құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін 3,5 мыңға жуық абонент тұрақты газбен қамтамасыз етіледі.

«МЕКТЕП АВТОБУСЫ» ЖОБАСЫ

Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен «Мектеп автобусы» жобасы аясында оқушыларды тасымалдау үшін тағы 100 автобус сатып алынды. Жаңа мектеп автобустарын ескере отырып, 14 мың баланы тасымалдау қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Айнабай МӘДІ

Автобустар шалғай және жету қиын аудандарда тұратын балалар оқитын мектептерден түсетін өтінімдерге қарай жаңа бағыттарға жүреді. Бұл ба-сымдықтардың бірі, себебі соған сай мектеп автобустары бөлінеді. Әрбір мектеп үшін оқушылардың тасымалдануын қамтамасыз ету үшін егжей-тегжейлі маршруттық парактар әзірленген.

Қалалық мобильділік басқармасы отандық Yutong маркалы автобустарды сатып алды. Автобустар қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді, апаттық жағдайда шығуға арналған есіктермен жабдықталған және ыңғайлы кресло-

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен Алматыда 50 жыл болған газ құбыры ауыстырылуда.

ҚАУІПСІЗ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ

Шалғай аудандардан оқушыларды тасымалдауға тағы 100 мектеп автобусы іске қосылады



лармен, рюкзактарға арналған бөлімшелермен, ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған пандуспен жабдықталған. Көлік құралы 21 орынға есептелген.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы Алматыда алғаш рет мектеп жасындағы балаларды тұрғылықты жерінен оқу орнына және кері қарай тегін тасы-

ЕСКІ ШАМДАР ЖАҢАРЫП ЖАТЫР

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен ескі сынап және натрий шамдары жаңа жарықдиодты (LED) шамдарға ауыстырылуда. Ағымдағы жылдың 10 айында қалада бес мыңнан астам жарықтандыру құрылғылары ауыстырылды.

Шамдарды ауыстыру бүкіл көшелер мен шағынаудандарды қамтыды. Мысалы, Наурызбай ауданында Абай мен Алатау даңғылдарының қиылысында ескілерінің орнына 335 жаңа шам орнатылды. Түркісіб ауданындағы Сүйінбай даңғылында Бекмаханов көшесінен Красногорская көшесіне дейін 260 шам ауыстырылды. Жетісу ауданындағы «Көкжиек» шағынауданының көшелерінде 120 шам ауыстырылды, ал Алатау ауданының «Зерделі» шағын ауданында осыншама шам жаңарды.

«Біздің «Шпагат» шағынауданында №151 мектептің жанында ескі сары шамдар тұрды, олар өте күңгірт жанатын. Көшеде жарық қосулы кезде қараңғы болды. Балалар сабақтан жар-тылай қараңғыда оралды, ата-аналар алаңдап, әкімдікке шағымданды. Міне, бізді ақыры естіді. Алматының «Қала Жарық» бригадасы келіп, барлық шамдарды жаңасына ауыстырды. Олар өте жарқырайды, енді түнде көшеде күндізгідей жарық болады, біз компания мен әкімдікке жайлылық пен қамқорлық үшін алғыс айтамыз», – дейді шағынаудан белсендісі Сара Жанетова.

«Алматы Қала Жарық» айтқандай, сапалы LED-шам 50 мың сағатқа дейін үздіксіз жұмыс істей алады, бұл ескі үлгідегі аспаптарға қарағанда 30 есе ұзағырақ. Бұл жағдайда энергияны үнемдеу 90% дейін жетуі мүмкін. Сонымен қатар, жарықдиодты шамдар кедеге жаратуда қиындықтар туғызбайды, өйткені құрамында сынап пен натрий жоқ.

Ескі шамдарды жаңасына ауыстыру жұмыстары 2025 жылы да жалғасады. Олар аудандық әкімдіктермен бірлесіп өткізіледі, олардың балансында қаланың сыртқы жарықтандыру желілері бар.

Топтаманы әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ЭКО-МӘДЕНИЕТ



Алматыда «Креативті Эко-Хаб» орталығында «Экологиядағы инклюзия – жаңажылдық ғажайып» жобасының тұсаукесеріне арналған жиын өтті. Жоба өз қолдарымен қайта өңделген пластиктен ойыншықтар жасайтын ерекше балалардың еңбегін қолдауға бағытталған.

«ЭКОЛОГИЯДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ – ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ҒАЖАЙЫП»

Жаңажылдық мерекелер қарсаңында қалада жаңа жоба іске қосылмақ, онда кез келген адам ерекше балалардан экологиялық таза материалдан жасалған, кеңселер мен басқа мекемелерді безендіруге болатын ойыншықтар сатып ала алады.

Сондай-ақ, креативті эко-хабтың негізін қалаушы Евгений Мұхамеджанов және оның командасы жобаның ерекшеліктері туралы айтып берді.

«Біздің мақсат – қоршаған ортаны жақсарту. Соның нәтижесінде тұрғындарды тазалыққа бейімдей түскіміз келеді», – деді эколог Евгений Мұхамеджанов.

Оның айтуынша, экологиялық тазалықты жетілдіре беру үшін бірқатар өзгерістер жасаған жөн екен.

«Ең әуелі эко-мәдениет қалыптастыру қажет. Қолданылған заттарды сұрыптауға мән берейік. Әр балаға жас-тайынан айналаны ластамауды үйретейік. Өзіміз таза қоғамды бірлесіп қалыптастыра аламыз», – деп ой түйді ол.

ТАЗА ҚАЛА

АУЛА ТАЗАЛЫҒЫ

Алматылықтар өз ауласының жинақы тұруына, жан-жағының көркеюіне баса назар аударады

Елде «Таза Қазақстан» республикалық науқаны жүріп жатыр. Соның негізінде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық акциясының жұмысы қарқын ала түсті. Шаһар тұрғындары да қоғамдық тазалыққа үлес қоса бастады.

Атап айтқанда, Алмалы ауданының тұрғындары аула тазалығына аса мән беріп, ұқыптылыққа бейімділігін танытты.

Алмалы ауданында орналасқан «Татьяна» дүкенінің иесі Юсуф Хусейнов өзінің үй-жайының маңайын таза әрі ұқыпты ұстаудың үлгісін қалың көпшілікке көрсетіп келеді. Бұл оның жеке бастамасы екенін айта кеткен жөн. Одан бөлек, ол қайырымдылықпен де айналысады.

Дүкен иесі табиғатқа қамқорлық таныта отырып, аумақты қалай жақсартуға болатынын көрсетті.

«Біз өзіміздің тұрып жатқан аумаққа бей-жай қарамай, ұқыптылық таныта білгеніміз дұрыс. Егер өзіміз жұртқа үлгі-өнеге көрсетіп, тазалыққа мән берсек, өскелең ұрпақ бізді үлгі етеді. Соның арқасында экологияға жіті назар аударатын адамдар шоғыры қалыптасады. Өзіміздің күшімізбен аулаға ағаш отырғызып, әртүрлі гүлдер өсіріп келеміз. Осының нә-

тижесінде тұрғындар тазалыққа бейімделіп, әркім өзіне қажетті дүниені алады. Айналамызға қайырымды болғанды жаным сүйеді. Жақсылық жасағанды жаным қалайды. Өмірдің ләззаты жақсылық, қайырымдылық, игі іс жасай білуде деп түсінемін», – деді тазалық жаршысы Юсуф Хусейнов.

Сонымен қатар, Алмалы ауданының халқы тазалыққа қатысты жасалып жатқан игі бастамалар мен оң өзгерістерге назар аударады.

«Біздің әкеміз ұдайы тазалық пен тәртіпке, еңбекке баулып өсірді. Отбасында үйренген жақсы үрдіс өмірге азық болды. Соның арқасында аула тазалығы, қоршаған ортаның ұқыптылығына зер сала жүрген дұрыс деп ойлаймыз. Өз қолымызбен ауланы гүлдендіріп, жүрген тұрған жерімізді әдемі етсек өзімізге де, өзгеге де жағымды болады», – деді қала тұрғыны Елнұр Юсуфұлы.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

«Көлсай» шағынауданы:

АУЫЗСУМЕН ҚАМТЫЛДЫ



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша «Көлсай» шағынауданын сумен жабдықтау «Балқаш» резервуарына қосылудың арқасында мүмкін болды. Аумақты орталық сумен жабдықтау жүйесіне қолжетімділікті қамтамасыз ететін жаңа су инфрақұрылымы объектілері іске қосылды.

Медеу ауданына жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев құрылыс жұмыстарының нәтижелерімен танысты.

Негізі қалаға 2014 жылы қосылған тұрғын үй массивінде инженерлік желілер болмаған. Олар тек 2021 жылы салынды, алайда, ағымдағы жылы шаһар басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылған «Балқаш» ауқымды жобасын іске асырудың арқасында ауданға су беру мүмкін болды. ТЖ желісі бойынша тәулігіне 6,9 мың текше метрге 5 резервуар және 7,3 мың текше метрге 3 скважина салынды.

Осы жоба аясында «Көлсай» шағынауданында биыл су көзімен – «Балқаш» су қаблдау станциясымен байланыстыратын, көлемі 400 текше метр сорғы станциясы мен резервуар орнататын магистральдық су құбыры желісі салынды.

Нәтижесінде «Көлсай» шағынауданының 2 мыңнан астам тұрғыны орталық коммуникациялармен қамтылды. Сонымен қатар, бұл магистраль 4 мыңға жуық адам тұратын «Юбилейный» шағынауданын да үздіксіз сумен қамтамасыз етеді.

«Мемлекет басшысы Алматы қаласын сумен жабдықтауға және су бұруға ерекше көңіл бөледі. Президенттің тапсырмасына сәйкес, біз, әсіресе қаланың жоғарғы бөлігінде қалаға қосылған, бірақ назардан тыс қалған қосылған аумақтарға ерекше көңіл бөлеміз, Олар Медеу және Бостандық аудандарында орналасқан, бұларды сумен жабдықтауды 100%-ға жеткізуге ниеттіміз. Бұған дәлел – «Көлсай» шағынауданы. Мұнда ештеңе болмаған, бұрынғы бау-бақша серіктестіктері, тар дәліздер. Біз жаңа желілерді ғана емес, сонымен қатар осы аймақтарды тұрақты және үздіксіз сумен қамтамасыз ету үшін қосымша сорғы станцияларын, су қоймаларын орнаттық. Тек желілермен ғана емес, жол инфрақұрылымын да жақсартамыз. Осындай жобаларды іске асыру бойынша жаңа стандарттарға сәйкес, қала тұрғындарының жайлылығын қамтамасыз ету үшін көшелердің бүкіл еніне асфальт төсемін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде», – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысы 2025-2026 жылдарға бұл жұмыс ауданда жалғасатынын атап өтті. Екі жыл ішінде ауданның 20 мың-

нан астам тұрғынын қамти отырып, жалпы ұзындығы 136 км инженерлік желілер салу жоспарлануда.

«Медеу ауданына ерекше көңіл бөлініп, барлық шағынаудандар тәртіпке келтірілетін болады. Атап айтқанда, «Каменское плато» шағынауданы онда 50 шақырымға жуық желі саламыз. Сондай-ақ, «Таулы қырат» шағынауданын да қамтимыз. Тұрғындар гүлденген аймақ ретінде қабылдайтын таулы қыраттың жоғарғы бөлігінде инженерлік желілер жоқ, сондықтан 30 км-ге жуық жаңа желілер салынады. Инженерлік коммуникациялармен қаладан 25 км жерде орналасқан «Алатау» шағынауданы да қамтылады. Менің ойымша, 2025 жылдың соңына қарай айналма жүйелердің контурлары анықталып, сумен барынша қамтамасыз етілетін болады», – деп түйіндеді сөзін Алматы қаласының әкімі.

Айта кетейік, Медеу ауданының жоғарғы бөлігін сумен жабдықтау жерүсті көздерінің әсер ету аймағында орналасқан. 2022 жылы скважиналардағы су деңгейінің 2,5 есеге (150-ден – 60 м³-ге дейін) төмендеуі байқалды. Содан кейін қала әкімі тұрғындарды жерасты суымен жабдықтау көздеріне қосу бойынша алғашқы ауқымды жобаны іске асыру туралы шешім қабылдады. Оның жүзеге асуы арқасында бүгінгі таңда Медеу ауданының 20 мыңнан астам тұрғыны орталық коммуникациялармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, екі жыл ішінде ауданда 79,3 км магистральдық және тарату инженерлік желілері салынды. 14 сорғы станциясы, 7 таза су қоймасы, 3 скважина, су мұнарасы орнатылды. Бүгінде ауданның 35 мыңнан астам тұрғыны, оның ішінде ешқашан кәріз болмаған шалғайдағы массивтер орталық коммуникациялармен қамтамасыз етілген.

• Жалпы, Алматыда Ерболат Досаевтың тапсырмасымен жыл басынан бері 219 км жаңа сумен жабдықтау және су бұру желілері салынды, 27,3 км қолданыстағы желілер жаңғыртылды. Бұл 60 мыңға жуық абонентті қамтуға мүмкіндік берді. 2025 жылы 240 км құрылыс пен 48 км желіні жаңғырту жұмыстары жоспарланған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КӨГАЛДАНДЫРУ

Алматыда көшет отырғызу сапасы жаңа стандарттардың арқасында айтарлықтай жақсарды. Мәселен, «Таза Қазақстан» жалпы республикалық бағдарламасы аясында басталған көгалдандыру жұмыстары бойынша күзгі науқан белсенді түрде жүріп жатыр. Қазіргі уақытта қалада 160 мыңға жуық көшет отырғызылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

2023 жылы қала әкімінің тапсырмасы бойынша енгізілген көгалдандырудың жаңа ережелері маңызды жаңалық болды. Ережелерге сәйкес, қазір отырғызылған ағаштарға үш жылдық күтім жасау міндетті болып табылады, бұл өсімдіктерді қалалық ортаға бейімдеудің тиімді процесін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, отырғызу материалдарына қатаң талаптар енгізілді: жапырақты көшеттердің биіктігі кемінде 2,5–3 метр, ал қылқан жапырақты ағаштар кем дегенде 2 метр болуы керек, ағаштардың тіршілігін жақсарту үшін отырғызу кезінде топырақ кесектерін сақтаған жөн.

Тұрғындар қалада отырғызылатын материалдардың сапасы айтарлықтай жақсарғанын атап өтті.

«Қалада көгалдандырудың жаңа ережелері арқасында серуендеу әлдеқайда жағымды. Қазір отырғызылған ағаштар шынымен жақсы көрінеді – олар берік, жасыл және жақсы өседі. Бұрын көптеген өсімдіктер тамыр жаймайтын еді, енді біз ағаштардың қалай дамып, көшелердің сәніне айнал-

160 МЫҢҒА ЖУЫҚ КӨШЕТ ЕГІЛДІ

Қалада жасыл желектерді отырғызу жалғасып жатыр



ғанын көрудеміз. Бұл біздің қаланы одан да әдемі және өмір сүруге ыңғайлы етеді», – дейді тұрғын Анна.

«Қазір көгалдандыру тәсілдерінің шынымен өзгергені байқалады. Біз қазір көшеде көріп отырған ағаштар әлдеқайда күшті және сау. Бұрын отырғызылған өсімдіктер отырғызу әдістерінің тиімсіздігі салдарынан тамыр жайған жоқ, ал қазір олардың қалай өсіп, қалалық сұлулықтың бір бөлігіне айналғанын көруге болады», – дейді Әуезов ауданының тұрғыны Дәния.

Көшеттердің өмір сүруін арттыру, сондай-ақ ғылыми ұсынымдар алу мақсатында мамандандырылған ұйымдармен – ҚР Бас Ботаникалық бағымен және Ж.Жиенбаев атындағы өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі ҚазҒЗИ-мен бірлескен жұмыс жүргізілу-

де. Мамандардан алынған ұсыныстарына сәйкес, күзгі-қысқы кезеңде отырғызуды тек жердің жабық бөлігімен жүргізу керек, ал нөлден төмен температура басталған кезде отырғызу орындарын толтыру үшін әкелінген топырақты пайдаланған жөн. Ғалымдар шекті мән-дерге назар аударуды ұсынады: отырғызу кезінде қатты ағаштар үшін қолайлы температура – 8°C дейін, жұмсақ ағаштар үшін -15°C градус аяз.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыда қыс мезгілі қарсаңында «Таза Қазақстан» жалпы республикалық бағдарламасы және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында көше-жол желісін, қоғамдық орындарды, өзен арналарын, көше ұрналарын және арық желісін ауқымды тазалау жұмыстары жүргізілуде.



«АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

Бүгінде дамыған мемлекеттердің барлығы дерлік сандық жүйемен жұмыс істеуге көшкен. Бұл жаңашылдықтан алып шаһар Алматы да құралақан емес.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынған уақыттан бері қалада IT саласына ерекше басымдық беріп, мегаполистің дамуына үлес қосатын барлық сала сандық жүйеге ауысты.

Алматыны сандық жүйеге көшіру – бұл қаланың барлық салаларын цифрлық технологиялар арқылы жетілдіруге бағытталған маңызды бастама. Қаланың инфрақұрылымын, экономикалық және әлеуметтік салаларын цифрлық технологиялар арқылы дамытуға бағытталған кешенді процесс тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, қаланы басқару тиімділігін жақсартуға және Алматыны «ақылды қалаға» (Smart City) айналдыруға арналған.



Қолжазды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫалматылықтарға сапалы әрі жылдам
қызмет алуға мүмкіндік бередіОНЛАЙН САУДА
НАРЫҒЫНДА БЕЛСЕНДІ

Бүгінде мегаполистің қалалық басқару жүйесі толығымен сандық жүйеге көшкен. Мемлекеттік органдармен қатар, көлік және логистика саласы, денсаулық сақтау мен білім беру, ауыл шаруашылығы мен электронды сауда саласы да заман талабына сай цифрландырылған. Бұл ретте алматылықтардың цифрлы сауатты деп айтуға әбден болады. Дәлел ретінде халықтың мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін электронды жүйе арқылы жүзеге асыратынын айтуға болады. Қала халқы онлайн сауда нарығында да өте белсенді. Цифрлы әлемге кәдімгідей икемделіп алғанымыз сонша, қазір көпшілігіміз үйден немесе кеңседен шықпай-ақ түрлі операцияларды жасай беретін болғанбыз.

Салыстырмалы түрде осыдан он жыл бұрынғы халықтың өмір сүру дағдысын еске түсіріңізші... Ол кезде қайда барсаңыз да, ұзын-сонар кезек болатын. Жоспарла-

ған жұмысың бір кезекпен біте қойса жақсы ғой, келесі бір құжатыңды алу үшін қаланың ана шетіне жол жүруге тура келетін. Қарапайым халық осылай екі ортада шапқылап жүріп, күнін текке өткізетін. Ал қазір ше? Қазір кез келген азамат барлық жұмысты қолындағы алақандай ғана құрылғының көмегімен реттей алады. Ашық дереккөздердегі мәліметтерге сүйенсек, цифрлы жүйе енгізілгені бері елімізде халықтың шағымы бұрынғы кездегіден әлдеқайда азайған. Бұл цифрландыру жүйесінің жетістігі екені сөзсіз.

ТӨЛЕМДІ ҚАШЫҚТАН
ЖАСАЙДЫ

Алматылықтар қалалық басқару жүйесі сандық жүйеге көшкені бері бірқатар қызметтерді қашықтан ала бастады. Мәселен, eGov.kz порталы арқылы қала тұрғындары

мемлекеттік қызметтердің көпшілігін онлайн алады. E-Salyq Azamat – салық төлемдерін цифрлық форматта жүргізуге мүмкіндік беріп отыр. Open Almaty платформасы арқылы тұрғындар өтініштері жылдам шешілетін болды. Платформа қала тұрғындары мен әкімдік арасындағы ашық диалог орнатуға бағытталған. Осылайша цифрлық технологиялар әкімшілік процесстерді автоматтандырып, қалалық ресурстарды басқаруды жеңілдетте түсті.

Аталмыш жүйенің көлік және логистика саласында да маңызы зор. Қазір көлік жүргізушілер кез келген төлемді, оның ішінде салық, жаңа көліктерді тіркеу, айыппұл төлеу секілді тағы да басқа түрлі операцияны кеңсеге бармай-ақ жүргізе береді. Ал жолаушылар қоғамдық көлікте электронды билет жүйесін қолдана отырып, GPS арқылы қозғалысты бақылай алады. Бүгінде тіпті сот орындаушысы да

қарызын төлеуге құлықсыз көлік иесін іздеп әуреге түспейді. Көлікке қатысты кез келген іс-әрекетке онлайн түрде тыйым салуға болады. Ал жүргізуші сол тыйымның күшін үйде отырып та жоя алады. Тағы бір айтары, бұрын 2-3 күнді қажет ететін жұмыс енді әрі кетсе 10 минутта бітеді. Қорыта айтқанда, жаңа сервис уақыт үнемдеп, қағазбастылықты жойды. Сондай-ақ, азаматтардың бетпе-бет жүздеспей-ақ, төлемді қашықтан төлеуіне мүмкіндік берді.

Тұрғындар коммуналдық қызметте де сандық жүйенің игілігін көріп отыр. Мәселен, тұрғындар қазір коммуналдық төлемдерді онлайн жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау саласы да бұл жүйені игеріп алды. Қазір тұрғындардың басым көпшілігі дәрігерге Damumed платформасы арқылы онлайн жазылады. Сонда емделуші дәрігерге келгенде ұзақ кезек күтіп отырмайды, уақытын үнемдейді.

«СЕРГЕК» ТЕ САНДЫҚ
ЖҮЙЕГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН

Қауіпсіздік жүйесінде де жаңашылдық көп. Бүгінгі таңда «Сергек» бейнебақылау жүйесі жол қозғалысы мен қоғамдық қауіпсіздікті бақылайды. Тыйым салынған қызыл түске өтіп кету, бағдаршамның тыйым салған дыбысын елемей, жылдамдықты асыру, қоғамдық көлік жолағына өтіп кету сияқты деректерді дәлме-дәл анықтайтын «Сергек» ауа райының қолайсыздығына, яғни тұманды, жаңбырлы, қарлы-боранды күндерге қарамастан, жасанды интеллект және компьютерлік дәлдік арқылы оқиғаны нақты көрсетеді.

ТҮЙІН:

Қорыта айтқанда, цифрландыру жүйесі Алматының дамуына айтарлықтай оң әсер етті деуге болады. Өйткені, қаланың инфрақұрылымын, экономикасын және әлеуметтік салаларын цифрлық технологиялар арқылы жаңғырту бірқатар маңызды артықшылықтар әкеледі. Қазір ақпараттың 95%-ы цифрлық жүйе арқылы таратылады. Ал бұл қала үшін өте маңызды.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бекбол РАМАЗАН, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚР ҰҒА ғылым академиясының пәнаралық ғылым орталығының бас академиялық қызметкері, Алматы қалалық мәслихатының депутаты:

ШАҒАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІГІН КҮШЕЙТЕДІ

Алматының сандық жүйеге көшуі – қаланың дамуындағы маңызды әрі уақыт талабына сай қадам деп есептеймін. Цифрландыру жүйесі халыққа ыңғайлы жағдай жасаумен қатар, қаланың халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін де күшейтеді. Жалпы, қызметтердің қолжетімділігі мен тиімділігі жағынан алғанда, бұл процестің қала тұрғындары мен экономикасына тигізіп жатқан пайдасы зор.

Әсіресе, мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы, атап айтқанда, Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы кезек күтуді қысқарту, eGov.kz және eAlmaty порталы арқылы қызметтерді онлайн алу мүмкіндігі жоғары. Коммуналдық төлемдер, қоғамдық көлік және тұрмыстық қажеттіліктерді цифрлық шешімдер арқылы реттеу тұрғындардың уақытын үнемдейді. Дегенмен, қалада қарт адамдар мен ауылдық жерлерден келген ағайындар цифрлық қызметтерді пайдалану қиындықтарына тап болып жататын жағдайлар кездесіп жатады. Қазір бізде халықтың осы тобын оқыту бағдарламалары әлі жеткіліксіз секілді. Бұл процестің табысты болуы үшін инфрақұрылымдық мәселелерді шешіп, цифрлық сауаттылықты арттыруға баса назар аудару қажет деп ойлаймын. Ал жалпы алғанда Алматының бұл бағыттағы бастамалары болашақта «ақылды қала» моделіне толық көшудің мықты негізін қалайды деп айтуға болады.

Нұрболат АЙЕКЕШОВ, «Мерит» әлеуметтанушылық орталығының маманы, тәуелсіз әлеуметтанушы

АЛМАТЫЛЫҚТАР АЛДА
КЕЛЕДІ

Алматы тұрғындары цифрлық сауаттылық деңгейі бойынша Қазақстанда көшбасшы десем, артық айтпағаным болар. Бүгінде қалада жоғары жылдамдықты интернет 4G және 5G желілері кең

таралғандықтан алматылықтар онлайн қызметтерді, әсіресе, eGov.kz, Kaspi.kz, Nalyk Homebank және т.б. секілді мемлекеттік қызметтер мен коммерциялық онлайн платформаларды жақсы меңгеріп алған. Мұның барлығы қаладағы инфрақұрылымның жақсы дамуы, халықтың жоғары білім деңгейі және цифрлық қызметтерге қолжетімділіктің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Қазір мысалы, Алматыда халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы ұсынылатын қызметтердің 80%-дан астамы онлайн түрде қолжетімді. Қазіргі жас буын мобильді банкинг, әлеуметтік желілер, онлайн оқыту және электронды коммерциядағы технологияны белсенді пайдаланып жүр. Студенттер оқу барысында Zoom, Moodle, Microsoft Teams, Google қосымшаларын қолданады. Жасанды интеллект нейрожелілерін пайдалануды жақсы меңгерген. Өкінішке орай, жастар кейде сабақ оқымай, тапсырманы жеңіл орындап құтылу үшін осы жүйені пайдалануға құмар болып барады. Қорыта айтсам, жалпы алматылықтардың басқа өңірлерге қарағанда цифрлық технологияларды меңгеру деңгейін өз басым жоғары бағалаймын.




Мақсат ХАЛЫҚ,
қаржы сарапшысы, экономист:

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

еркін экономикалық өсім көрсетеді

Алматы – ел экономикасының драйвері, кәсіпкерлікті дамытуға аса қолайлы мекен. Көптеген бизнес жобалар осында іске асырылады. Қалада талай игі іс қолға алынып жатыр. Туристік, сервистік қызметтер жақсы жолға қойылып келеді. Шаһарымыз ел аумағындағы ең ірі мегаполис саналады. Тоғыз жолдың торабында тұр. Сондықтан мұнда бизнес ашып, кәсібін дөңгелетіп жүргендердің қатары жыл өткен сайын артып келеді. Батыс Қытай, Батыс Еуропа тас жолы осы өңірден кесіп өтеді. Қала Қытай мен Орталық Азияны байланыстырып тұрған сауда-саттық жолында орналасқан. Мұнда кейінгі жылдары жастар легі көптеп келіп жатыр. Еліміз бойынша әрбір 3/1 талапкердің таңдауы осы жер. Бұл өз кезегінде тұрғын үйлердің көптеп салынуына, түрлі тамақтанатын, қызмет көрсету, жолаушылар тасымалы саласының артуына зор септігін тигізеді. Сонымен қатар, әрбір екінші туристің Алатау байрайында орналасқан Медеу, Шымбұлақ, Көктөбе демалыс орындарын көргісі, аралағысы келетіні анық. Соның арқасында, мысал үшін саяхаттаушылардың демалуына, тынығуына 100 теңге салынса, ол 1000 теңге болып 10 есе қайтатыны ақиқат. Бұл – біздің тұрып жатқан қаламыз көпшіліктің сүйікті жеріуығы дегенді аңғартады. Біз бүгін оқырман назарына белгілі экономист, білікті қаржыгер Мақсат ХАЛЫҚТЫҢ қала тынысына, жалпы ел экономикасына қатысты кейбір ой-тұжырымдарын ұсынамыз.



(Дереккөз: kapital.kz)

тындай болмаса да, мұқтаж жандарға әжептәуір көмек берілуі тиіс.

Дамыған мемлекеттерге қарасаңыз, ең төменгі жалақы 1-1,5 миллион теңгеден әрі асады. Ал бізде – 85 мың теңге. Бұл арада өте үлкен айырмашылық сезіледі. Сондықтан озық елдерге ілесіп, мөлшерді солардағыдай көтерген жөн. Біздегі ең көп жалақының өзі сол деңгейде. Әлемдік стандарттарда ең төменгі жалақыны есептеудің тетіктері бар, соны қарайық. Мысалы, шет елде орташа жалақының 3/1 бөлігін ең төменгі жалақы деп есептей салады. Қазақстанда орташа жалақы – 390 мың теңге болып тұр. Соны үшке бөлетін болсақ, онда – 130 мың теңге шығады. Яғни қазіргі уақытта ең төменгі жалақы 130 мың теңге болу керек деген сөз. Егер орташа жалақы – 600 мың теңге болса, онда ең төменгі жалақы – 200 мың теңгеге жету қажет дегенді білдіреді. Осындай оң өзгерістер, қоғамға аса қажет. Ең төменгі жалақы да, жәрдемақы да, зейнетақы да бір-бірімен тығыз байланысты. Негізі, бұл Экономика министрі, қаржыға жауапты сала мамандары, атқамінерлер есептеп, ұсынатын жұмыс. Қаржы есебі дұрыс жүргізілгенде ғана ел еңсесі көтерілмек.

Ұлт саулығы, азық-түлік бағасын тұрақтандыру

Азық-түлік қауіпсіздігі елімізде өндірілген өнімдермен бағаланады. Көбіне-көп сырттан тасымалдайтын болсақ, онда азық-түлік қауіпсіздігі өте нашар дегенді аңғартады. Ал шет елден келген тамақ өнімдері халқымыздың денсаулығына оң әсер етеді деу қиын. Егер сырттан келген жеміс-жидек, көкөніс, т.б. заттар ұлт денсаулығын төмендетсе, ондай өнімдердің керекі жоқ.

Еңбек өнімділігі екпінді ұлт еркін экономикалық өсім көрсетеді. Егер тұтынып жүрген өнімдер денсаулық үшін пайдалы болса, онда ол адам ағзасына оң өзгеріс береді. Сол үшін азық-түлік бағасының ел-жұртқа қолжетімді болуы бәрінен маңызды. Бірінші кезекте отандық өнім болса дейміз. Азық-түлік өндіретін компанияларға барынша инфрақұрылымдық жағдай жасау керек. Мұның арғы жағында ауыл шаруашылығы мамандары, фермерлер тұр. Оларға сапалы тұқым жеткізіліп берілсе, ыңғайлы жылыжай, жайлы қоймалар салынса құба-құп. Ауыл шаруашылығын барынша субсидиялап, барлық жағдайды жасап берсек, онда қазақтың өз өнімі болады. Мұның бәрі халық денсаулығын жақсартуға негіз болады.

Сервис және сапа

Алматы десе, ең әуелі сервистік қызметтер сапасы ойға оралады. Қаланың мәдени-тарихи орындары көз тартады. Алатаудың бөктері, өзен-көлдер әсем табиғатқа көзін тояды. Шаңғы, коньки тебетін мерзім басталды. Алыс-жақын шет елден келушілер қатары артып барады. Саяхаттаушылардың арқасында қаланың бюджетіне мол табыс түсіруге болады.

Бұл шаһардан туристер өздеріне ерекше әсер алып қайтса дейміз. Сол үшін дәмхана, банкомат, ақша айырбастау пунктері, такси, қонақүй сияқты түрлі сервистік қызметтерді жетілдіре түсу қажет. Өйткені, турист бұл қаланы мақтап-мадақтап, әлеуметтік желіге өзіне ұнаған, есте қалған айрықша сәттерін

жүктейді. Сондай-ақ, отбасына, жақындарына қызықтап айтып береді. Ал жағымды әсерлердің арқасында келушілер саны артады. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарының ашылуына септеседі.

Әлеуметтік төлем мен ең төменгі жалақы

Әлемдік стандартқа көз жүгіртсек, біздегі әлеуметтік төлемдерді өсіретін уақыт жетті. Дамыған державалармен салыстырсақ, біздегі көрсеткіш өте төмен. Бұл арада қаржы сарапшыларының пікірлері әртүрлі. Менің ойымша, барлық төленетін жәрдемақы көлемі көтерілуі керек. Мүмкін бір адамның немесе отбасының барлық шығынын жаба-

БИЗНЕС

ҚАРЖЫЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ

Жыл өткен сайын инновациялық құрылыс материалдары Қазақстан мен Орталық Азияға жаңа тыныс әкелуде.



Айнабай
МӘДИ

Алматы қаласы «Атамекен» ӨКП мен шет елде Қытай өнеркәсібін дамыту қауымдастығы бірлескен платформа құруда.

Ол серіктестерге өндіріс пен құрылысқа озық технологияны енгізуді жеделдетуге, құрылыс өнімдерін тасымалдау құнын, экспорттық тарифті, инфляциялық процесті төмендетуге мүмкіндік беретін бірлескен зерттеу мен әзірлеме үшін катализатор ретінде қызмет ететін болады. Демек, тұрғын үй, өнеркәсіптік, инфрақұрылым және іскерлік нысандардың үлкен құрылысы күтілуде. Мұның бәрі құрылыс материалының едәуір көлемін, инновациялық технологияны, үлкен қаржылық инвестицияны қажет етеді.

Екі ел арасында құрылатын бірлескен платформа құрылымдарының сенімділігі мен беріктігін қамтамасыз ететін ақпарат пен ресурсқа, озық технологияға, үздік өндіруші өнімдеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесіне айналады. Сонымен қатар, бұл сатып алу және жеткізу процесін, логистика мен тасымалдау шығынын, экспорттық тарифті, инфляциялық процесті төмендетеді. Бұл жаһандық экономикалық сын-қатерлер жағдайында өте маңызды.

«Мұнда құрылыспен, құрылыс материалдарын өндірумен айналы-

сатын кәсіпкерлердің ең салмақты құрамы жиналды. Олардың барлығы осы бағытта дамытуға мүдделі. Құрылыс саласындағы тығыз ынтымақтастықта біз көптеген жаңа кәсіпорындар ашамыз. Біз палата және палата жанындағы құрылыс жөніндегі кеңес ретінде жаңа жобаларды іске асыруға жан-жақты жәрдемдесуге дайынбыз», – деді Алматы қаласының «Атамекен» ӨКП директоры Нұрсұлтан Шоқанов.

Құрылысқа жаңа технологияны енгізу халықтың өмір сүру жағдайы мен деңгейін жақсартуға ықпал жасайды. Себебі, инвестиция жаңа жұмыс орындарын құруға, мемлекет әлеуметтік инфрақұрылымды, соның ішінде білім беру, денсаулық сақтау мен көлікті дамытуға бағыттайтын салықты қамтиды. Қытайдың экологиялық таза технология мен материалдарды жетілдіруге айтарлықтай тәжірибесі бар. Платформада бірлесіп жұмыс істеу елімізге осы жетістіктерді интеграциялауға, орнықты әлеуметтік-экономикалық өсуге жағдай жасауға мүмкіндік береді.

• КЕРЕК ДЕРЕК

Жыл сайын Алматыда шамамен, 2 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Оның 700–800 мыңы – агломерацияда.

Алматы мен Қонаев қалаларының екі ортасында жаңа еркін экономикалық аймақ – Алатау қаласы салынууда, ол да мегаполистің агломерациясына кіреді.

2030 жылға қарай жаңа Алатау қаласының халқы шамамен, 2 миллионға жетеді деп күтілуде.

ИНФЛЯЦИЯ

Алматыдағы орташа жалақы 15,5 %-ға өсті

Алматыда жыл басынан бері 50 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Қаламыздың Экономика басқармасында алматылықтардың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз етуде қабылданып жатқан шаралар мәлім етілді. «Жылдық инфляция тамыздағы 8,6%-дан қыркүйектегі 8,3%-ға дейін баяулады. Бұл азық-түлік тауарлары бағасының 7,7%-ға, азық-түлік емес тауарлар бағасының 5,6 %-ға дейін өсіміне байла-

нысты. 2024 жылдың соңына дейін жылдық инфляция 7,5-8%-ға дейін, 2025 жылы – 6,5-7,5%-ға дейін төмендейді деп күтілуде», – деп хабарлады Алматының Экономика басқармасы.

Биылғы бірінші жартыжылдықта шаһармыздағы атаулы ақшалай кірістер орта есеппен 22%-ға, 292 мың теңгеге дейін (еліміздегі бұл көрсеткіш – 9,2%-ға, яки 201,1 мың теңгеге дейін) өсті. Шын мәнісінде, өсім 11,6%-ды (еліміздегі көрсеткіш – 0,3%) құрады. Орташа айлық жалақы 468 мың теңге (республикада – 392,6 мың теңге) болды.

Номиналды мәндегі жалақы – 15,5%-ға, нақты мәнде 5,7%-ға өсті. Биылғы 9 айда 50,5 мың жұмыс орны құрылды, оның 77,9%-ы – тұрақты.

Сондай-ақ, Алматыда жоғары инвестициялық белсенділік сақталуда. Осы жылдың 9 айының қорытындысында негізгі капиталға 8,1% өсіммен 1,1 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жеке инвестициялардың өсуі 8%-ды құрап, 1 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Жалпы, 2024 жылы негізгі капиталға инвестиция көлемі – 2 трлн теңгеге дейін, 2025 жылы – 2,35 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

ЖИЫН

TRADEX

халықаралық сауда форумы

Алматыда өткен бұл форум халықаралық сауда және экономикалық ынтымақтастық саласының болашағы мен жаңа трендтерді талқылауға ниет білдірген сауда және логистика саласындағы жетекші бизнес өкілдерінің, сондай-ақ қаржы ұйымдарының, мемлекеттік органдар өкілдерінің басын қосты.

«Қазақстанда сауда саласында 818 мың субъект жұмылдырылды. Бұл бүкіл отандық бизнестің шамамен 35%-ын құрайды. Тиісінше, сауда саласы ең көп жұмыс орындарын қамтиды. 2024 жылдың III тоқсанында шығарылған сараптамаға сай, 1,5 жарым миллионнан астам адам осы салада табыс табауда. Бұл көрсеткіш – еңбек нарығының 16,7%-ы», – деп атап айтқан министрліктің Қоғамдық кеңес төрағасы Д.Сә-

дуақасов сауданы ел экономикасының ең ірі секторы деп атады.

Іс-шара Консалтингтік және сауда компанияларының қауымдастығы, Алматы қаласының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, Қазақстанның сыртқы сауда палатасы, Consulting Group DASCO ұйымдастыруымен өтті. TRADEX 2024 форумы – Қазақстанның, Орталық Азияның негізгі сауда хабы, Еуропа мен Азия арасындағы көпірі ретіндегі ұстанымын нығайтудың жарқын көрінісі. Алматы қаласы еліміздің ірі қаржы-экономикалық, көліктік және сауда орталығы ретінде іскерлік байланыс орнатуға, халықаралық сауданың өзекті мәселелерін талқылауға көмектесетін осы сынды форумдарды өткізуде ең ыңғайлы алаң.

«Бұл – біздің халықаралық аренада Алматы мен Қазақстан кәсіпкерлерінің мүддесін қолдауға, ілгерілетуге қосқан үлесіміз. Біз кәсіпкерлерге жаңа нарыққа шығуға, серіктес табуға, келісім-шартқа қол қоюға көмектесу үшін бизнес-қоғамдастықпен белсенді жұмыс істейміз. TRADEX форумында біз өңірдегі бизнесті дамыту мен бизнес-ортаны жақсартуға бағытталған бірқатар бастама ұсындық», – деп атап өтті Алматы қаласының «Атамекен» ӨКП директорының шағын кәсіпкерлік және халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі орынбасары Акеркін Эралиева.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ

ҚОЛТАҢБА

С.НҰРМАҒАМБЕТОВ – 100

ҰЛЫ ЕСІМ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Алматы қаласының «Алатау» дәстүрлі өнер театрында Кеңес Одағының Батыры, тұңғыш Халық Қаһарманы, армия генералы және Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетовтың туғанына 100 жыл толуына орай салтанатты іс-шара өтті.



Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Алматылықтар мен қала қонақтары өмір жолы Отанға адал қызмет етудің үлгісіне, мызғымас ерік пен патриотизмнің символына айналған көрнекті әскери басшының құрметіне ұйымдастырылған концерт бағдарламасын тамашалады.

– Ұлы Отан соғысының ардагері, Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылы дүниеге келген. Ол кісі ең қиын уақытта, Тәуелсіздік алған тұста Қорғаныс министрі болып сайланды. Жан-жақтан бәрін жинап, еліміздің Қарулы күштерін сақтап қалды. Офицерлерді үйретіп, кадрларды дайындады, бірталай генералды дайындады. Сағадат Қожахметұлы қайда, қандай әскери бөлімдер бар екенін жатқа білетін. Ол кісі келгенде ТМД елдерінің офицерлері тік тұрып қарсы алатын, – деді «Офицерлер одағы» қоғамдық бір-



лестігінің төрағасы, генерал-майор Махмұт Телеғұсов.

Кеш барысында Роза Рымбаева, Талғат Күзембаев, Дархан Жолдыбаев, Венера Алпысбаева, Фархат Кубеев, Еркін Шүкіман, Диас Мұратхан, сондай-ақ IL CANTO, Made in KZ топтары және басқа да әртістер өнер көрсетті. Музыкалық шығармалар Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен орындалды.

– Біздің қордың мақсаты – өске-лең ұрпақты қатыгез қылмай, елін сүйетін, тарихын сүйетін, болашаққа жетелейтін, бабаларымыздан қалған жерімізді қорғайтын азамат ретінде

тәрбиелеу. Қазіргі әлемдегі жағдайды білесіздер. Сондықтан бізге идеология, жақсы рухани түсінік керек. Ал Сағадат ағамызға келсек, жұрттар бір өзенді өтіп, батыр атанып жатса, бұл кісі 7 өзенді асып өткен. Бұл кісі өте қарапайым болды, көп ерліктерін айтқан жоқ. Бір күнде 1350 адамды тұтқынға алған, Берлинде 18 дзотты жойған. Бар шайқасты өтіп барып ағамыз қарапайым өмір сүрді. Қазіргі тарихтың бәрі жаңғырып, осындай тарихи тұлғаларымыздың батырлығын жастарға паш етуіміз керек, – деді Сағадат Нұрмағамбетов атындағы халықаралық қордың төрағасы Махмұт Нәлібаев.

БӘРЕКЕЛДІ!

«БАУЫРЫНА САЛУ»
фильмінің операторы Азияда үздік атанды

«Бауырына салу» фильмінің операторы Жанарбек Елеубек AWWF (Азия дүниежүзілік фестивалінде) «Үздік операторлық жұмыс» жүлдесін еншіледі. Халықаралық кинофестиваль Азия кинематографистері үшін ауқымды алаң саналады.

Бұған дейін режиссер Асхат Кучинчереков түсірген «Бауырына салу» фильмі еліміздің атын халықаралық аренада таныстыру үшін «Оскар комитетіне» ұсынылған болатын.

Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау орталығының қолдауымен түсірілген фильм қолында өскен жеткіншектің оқиғасын баяндайды. Әжесі қайтыс болғаннан кейін ол өзінің ата-анасына оралуға және бөтен адамдармен жаңа ортада қарым-қатынас құруға мәжбүр болады.



(Сурет: ашық дереккөзден).

ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДЕ
ҰЛТТЫҢ ТАРИХЫ БАР

Белгілі отандық суретші, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Қолөнершілер одағының төрайымы Айжан Бекқұлова – Алматының тумасы. Қазақ қызының өнер айдынында жүргеніне аз уақыт емес. Айтары бар. Сондықтан шаһардан орын тепкен Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Айжан Бекқұловамен шығармашылық кездесу өтті.

Өнертанушылардың айтуынша, әріптесінің шығармалары көп мағыналылығымен, көрерменді өнермен диалогқа шақыратын көрнекі метафораларды құруымен сипатталады. Оның туындылары өмірдің әртүрлі аспектілері туралы, жеке тәжірибелерден бастап жаһандық тақырыптарға дейін ойлауға шақырады.

Иә, оның шығармашылығы көп қырлы, көп мағыналы. Тоқыма, киіз басу, қасиетті қуыршақтар, зергерлік әшекейлер, этникалық киімдер, сондай-ақ металдан, керамикадан, ағаштан және киізден жасалған, басқа шеберлермен және суретшілермен бірлесіп жасалған жұмыстары жоғары бағаға ие. Оның туындылары авторды ұлттық мәдени кодтың генетикалық сезіміне негізделген және қазіргі заманның ырғақтарымен, нысандарымен, белгілерімен, ой үлгілерімен байытылған өзіндік авторлық қайталанбас стилін қалыптастырған дарынды суретші ретінде паш етеді.

Айжан Бекқұловамен кездесу тек жеке көрмесін тамашалап қана қоймай, суретшінің шығармашылығымен және оның туындыларының маңыздылығымен танысуға мүмкіндік берді.

2009 жылы Айжан Бекқұлова «Шебер» қазақстандық шеберлер фестиваліне бастамашы болған жан. Байқау қолөнершілердің шеберлігін, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыруға, ұмыт қалған технологиялар мен қолданбалы өнер техникаларының ассортиментін кеңейтуге және жаңғыртуға ықпал етті. 2012 жылы Қазақстан Қолөнершілер одағын құрды. Бұл ұйым қазіргі күні елімізде ғана емес, мемлекетімізден тыс жерлерде де елеулі мәртебеге ие қоғамдық ұйым.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

ХАН СҰЛТАН.
АЛТЫН ОРДА

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры (Қабанбай батыр көшесі, 110).
Күні мен уақыты:
29-30 қараша, сағат 18.00.



BRÜDERSCHAFT

Өтетін орны:
«Альянс-театр 2act» (М.Мақатаев көшесі, 127/11, 1-корпус).
Күні мен уақыты:
29-30 қараша, сағат 20.00.

ҒАЖАЙЫП
МУЗЫКА

Өтетін орны:
Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы (Ш.Қалдаяқов көшесі, 35).
Күні мен уақыты:
30 қараша, сағат 18.00.





ҚҰРМЕТ

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА:

ӨНЕР – ЕҢ СЕҢІМДІ
ӘРІ АДАЛ СЕРІГІМ

Алматыдағы қазақ өнерінің қара шаңырағы – Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы сахнасында өнер айдынындағы жарық жұлдызымыз, ұлттық опера мен классикалық музыка әлемінде танымал тұлға, Қазақстан және КСРО халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көмейіне бұлбұл ұялаған сұлу да биік әншіміз Бибігүл Ахметқызының репертуарындағы әндер шырқалған концерт өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дінзұхра ТІЛЕНДИЕВА, Н.Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері:

ӘКЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ӘНІН ОРЫНДАДЫ

Бибігүл Ахметқызының құрметіне арнаған концертімізде жиырма шығарма орындалды. Оның көбісі бұлбұл үнді әншінің репертуарынан алынған әндер. Біз ол кісімен бір үйде тұрдық. Әкем Нұрғиса Тілендиев Бибігүл Ахметқызымен өнерде бірге көп жұмыс істеді, әкемнің көптеген әнін бірінші болып орындады. Оның ішінде «Кел, еркем, Алатауыңа!», «Жан жарым», «Жан сәулем» әндері бар. Концертке біз біраз уақыт дайындалдық. Бұл айтулы концерттің бағдарламасын дайындауда да соған қарап ойластырдым. Бағдарламадағы шығармалардың көпшілігін оркестрге әкем өзі жазып кеткен, одан бөлек Бибігүл Ахметқызының тікелей шәкірті болмаса да, ізін басып келе жатқан жаңа әншілер жаңа композиторлардың әндерін де орындады.

Қазақ руханияты тарихындағы ұлт мақтаныштарын осылай дәріптеу, олардың жүріп өткен жолын мәдени мұра деп білу – біздің өнер ордасының басты ұстанымы.

95-тің төріне шыққан сұлу да биік әншіміз, ән әлемінің абыз анасы Бибігүл Төлегенова өзіне арналған мерейтойлық концертті алматылық көрермендерімен бірге отырып тамашалады.

Қазақтың бұлбұлы осынау киелі шаңырақта өткен өзінің ғибратқа толы өнер жолында филармония ән репертуарының баюы мен дамуына зор үлесін қосып, шығармашылықтың шыңына шықты. Дара тұлғаның мерейтойы құрметіне әншінің шығармашылығына арнап, Н.Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрі концерт берді.

Концерттік бағдарламада Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің кавалері Жалғасбек Бегендіков пен Халықаралық конкурстардың лауреаты Әбілқайырхан Бейсековтің дирижерлік етуімен Бибігүл Төлегенованың репертуарындағы халық әні «Гауһартас», «Жан жарым», «Мама» атты үздік шығармалары мен бар қазаққа танымал Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсынан «Гәкку», т.б. әндері орындалды.

Айтулы кеште Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің кавалері Гүлзат Дәуірбаева, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Айгерім Шәріпбек, Халықаралық конкурстардың лауреаттары Фархат Қубиев, Нұрғалым Аманбай, Аяжан Қуанышалиева, Айдос Жабағин, Жұлдыз Байжұма өнер көрсетті. Тоқсанның торқасына шыққан тұлға мерейтойлық концертте көрермендер қатарынан табылып, өзіне көрсетілген сый-құрметке ілтипатын жеткізді.

– Бүгін мен бақытты адаммын. Өйткені, сіздер менімен бірге, менің 95 жылдығымды тойлауға келіп отырсыздар. Өрине, бұл жасқа жетудің өзі жеңіл емес. Талай қиыншылықтар да болды. Сіздерге айтарым, еліміз аман болсын, тыныштық болсын. Аспанымыз ашық болып, сырттағы жаудан сақтасын. Қазақ деген – кең халық қой. Халқымыз аман, тыныштық болса, қолымыздан бәрі келеді. Үлкендерді құрмет тұтатын ізетті жастарымыздың жолы әрдайым ашық болсын! – деп өнерсүйер жұртшылыққа ақ батасын берді.

(Дереккөз: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы).

КЕЗДЕСУ



КИНО ДА ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

Актёрлар сарбаздар ортасында

Алматыда Ұлттық ұланның әскери қызметшілері еліміздің танымал актерлері Мұрат Бисенбин және Марат Абдуллаевпен кездесті. Бұл мәдени іс-шараға мегаполиске іссапармен келген ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының орынбасары, Халық қаһарманы, генерал-майор Қайрат Үмбетов те қатысты.

Әскердің оң бейнесін қалыптастырып, әскери қызметтің абыройын арттыра түсуге, кейінгі буын жастарды Отанды сүю, қадірлеу, оны қорғау үшін дайын болуға тәрбиелеуде өнер саласының да ықпалы зор екені сөзсіз. Оған кейінгі бірнеше жыл қатарынан Ұлттық ұланның қызметі мен ержүрек батырларына арналған фильмдердің түсірілуі, Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің еліміздің әр облысына гастрольдік сапармен шығуы, ақпараттық-насихат жұмыстарының белсенді жүргізіліп тұратындығы, сарбаздармен кездесуге ақын-жазушылар, спорттағы чемпиондар, әр саладағы өнер адамдарының келіп тұруы дәлел бола алады.

Бүгін де осындай жарқын жүздесу болып, әскери қызметшілер мен өнер адамдарының арасында сүбелі сұхбат болды. Кездесуге келген Мұрат Бисенбин Қазақстан ғана емес, алыс-жақын шет елдермен бірлесіп түсірілген оннан астам кинокартинада ойнаған. Оның танымалдылығы «Рэкетиры» фильміне түскен соң арта бастаған. Бұдан бөлек, актер «Махамбеттің қылышы», «Гүлстан», «Әркім Голгофқа шыға алады» хикаясында және тағы басқа көптеген фильмде ойнаған.

Ал актер Марат Абдуллаев «Захар Бүркіт», «Тараз», «Қазақ хандығы», «Бауыржан Момышұлы» туындыларында шебер ойынымен танылған. Экрандағы ер тұлғасымен көрерменді тәнті етіп жүрген актерлермен жүзбе-жүз кездесу әскери қызметшілер үшін ерекше жағдай болды.

ҚР Ұлттық ұланы Бас қолбасшысының орынбасары, генерал-майор Қайрат Үмбетов өнер адамдарының жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру ісіне қосып жатқан үлестеріне алғыс білдіріп, Мұрат Бисенбин мен Марат Абдуллаевтың кеудесіне «Ұлттық ұлан қызметінің үздігі» төсбелгісін тақты.



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

ЛИР ПАТША

Өтетін орны:
Ғ.Мүсірепов атындағы
Қазақ мемлекеттік
академиялық балалар мен
жасөспірімдер театры
(Абылай хан даңғылы, 38).
Күні мен уақыты:
30 қараша, сағат 18.30.

«БІР КҮНІ
ГАВАНАДА»

Өтетін орны:
«Өркен» театр студиясы
(Абдуллин көшесі, 38).
Күні мен уақыты:
30 қараша, сағат 19.00.

«ҚОШ,
МАХАББАТ!»

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры
(Абай даңғылы, 117).
Күні мен уақыты:
1 желтоқсан, сағат 19.00.

Айқара бетгі әзірлеген:
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ТЕРМИНЖАСАМ немесе СӨЗЖАСАМ

аса күрделі феноменологиялық құбылыс

Терминология бойынша түркологиялық бағытта ізденетін және шешімін керек ететін мәселелердің шаш-етектен екенін түркітанушы ғалымдар жақсы біледі. Бұл істе табандылық танытқан ғалымдардың бірі – Шерубай Құрманбайұлы.



мин ғылыми талдаудың негізінде іріктеледі және қолданысқа ие болады.

Қазақ тіл білімінің терминология бағытындағы ізденістері – мемлекеттік тілдің қолданылу жүйесінің ең маңызды салаларының бірі. Ғылым мен техниканың, абстракциялық ұғымдар мен жаңа құбылыстардың, ақпараттық кеңістігімізге күн сайын еніп жатқан атаулардың атын атап, түсін түстеп, оларды туған тіліміздің табиғатымен етене жақын үйлестіру әрі біліктілікті, әрі ұқыптылықты қажет ететін іс. Оның үдесінен шығу оңайлықпен оңтайланатын шаруа емес. Терминжасам немесе сөзжасам – тілдің табиғатын аса терең түсіну мен сезіну арқылы жүзеге асатын аса күрделі феноменологиялық құбылыс. Көркем шығарма тудырумен тамырлас жатқан үдерістерден құралады десек, асыра айтқандық емес. Себебі, жаңа сөз немесе термин сөз тілдің табиғатымен шебер үйлескенде ғана біржола бекітіні анық.

Шерубай Құрманбайұлының тағы бір тыңғылықты ісі – терминологияның түркітілдес елдердегі ғылыми-практикалық аспектілерімен байланысты жағдайы. Түркі тілдерінің терминжасам жүйесін бір ізге келтіру бағытындағы жұмыстар алдымен тәжірибе алмасу, ортақ терминологиялық сөздіктер жасау арқылы қолға алына бастайды. Шерубай бұл істе де әрекетті ғалым екенін көрсете білді. Оның жетекшілігімен Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Татарстан ғалымдары ортақ терминология жүйесін қалыптастырудың жолдарын арнайы түрде бас қоса отырып зерттеу нысанына айналдырды. Нәтижеде «Түркі тілдерінің терминжасамы» дейтін ұжымдық монография жарық көрді.

Іс жүзінде ғалымдар терминжасамның түркологиялық аспектілерін нақтылы практи-

калық қолданыс аясында қолға алған емес. Оған себеп, бірлесе отырып әрекет ету, ортақ шешімге келу, сол арқылы терминжасамның әдіснамалық және әдістемелік мәселелерін жалпы түркологиялық, жалпы тіл білімі аясында мықтап тұрып талқыға салу ісінің осы күнге дейін күн тәртібіне қойылмауынан. Шерубайдың түркі терминологиясы бойынша ғылыми жетекші ретінде атқарған жұмысының нәтижесі, әсіресе, терминжасам ісіндегі тәжірибелік ізденісі ары қарай жалғасын табады деген ойдамын. Себебі, түркі халықтарының тілдік туыстығы ғана емес, терминдер жүйесіндегі жақындығы көп мәселенің түйінін шешері анық. Терминология бойынша түсінісу тіл жақындығын айшықтап көрсететін құбылыс. Түйткілді сауалдардың дені осыған келіп тіреледі.

Менің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дәріс берген жылдарымдағы шәкірттерімнің ішінен өсіп шыққан таңдаулысының бірі осы Шерубай. Тіптен бірегей десем, артық емес. Мені, әсіресе, оның ғылымдағы академиялық бағытты ұстанатындығы сүйсіндіреді. Қазақ тіл білімінің іргелі ғылым ретінде дамуының қазіргі заманғы келбетін Шерубай інімнің ізденістерімен байланыстырамын. Оған себеп – саликалы ой-толғамдары, көлемді еңбектері, толымды мақалалары, салмақты жиындардағы мағыналы баяндамалары.

Мерейлі меже құтты болсын!

Шәкір ЫБРАЕВ,
филология
ғылымының
докторы,
профессор.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМДЕР

ЖАНЫ ДА, ЖЫРЫ ДА СҰЛУ ЕДІ...



Рая
ЕСКЕНДІР

Ақын Ибрагим Иса 1949 жылы 7 қаңтарда Қызылорда облысы, Сырдария ауданының Жеткөл ауылында дүниеге келгенімен, шығармашылық тағдыры Алматы қаласында қалыптасты. Ол өмірінің маңызды белестерін осы қаламен байланыстырды. Алматы – оның ақындық әлеміне қанат бітіріп, өнер мен әдебиетке деген ерекше махаббатын шындаған шаһар. Қаланың әдеби ордасында, яғни Қазақстан Жазушылар одағында жұмыс істеп, өз шығармаларын көпшілікке танытты.

Ибрагим Иса талай танымал әндердің мәтінін жазып, оларды әнге айналдырды. Соның ішінде Алматының мәдени ортасы мен рухани құндылықтарын дәріптейтін әндер де бар. Ол «Гүлдер» ансамблінің репертуарына арнайы жазылған «Гүлдер» әнінің мәтінін жазып, қазақ музыкасына жаңа тыныс әкелді. Әннің музыкасын Сейдолла Бәйтереков жазып, Роза Рымбаева алғаш орындаған еді. Бұл ән Алматының шығармашылық ортасының шарықтау шегінде дүниеге келіп, әлемді шарлап кетті.

Ақынның «Тербеледі қайындар», «Алтын сырға», «Жанымың жарығы» сынды өлеңдер жинақтары Алматыда жарық көрді. Өлеңдері бірқатар шет ел тілдеріне аударылып, оның есімі халықаралық деңгейде де танымал болды. Ол өз кезегінде шет ел ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиетіміздің қазынасын байыта түсті.

Шабыт іздеп шарқ ұрмайтын ақынның жаны да, жыры да сұлу еді. Ол Алматының әрбір көшесінен, әр бұрышынан шабыт алып, сол сәттерін өлең тілімен жеткізді. «Алматы – менің жүрегімнің бір бөлігі» деп айтатын ол шығармашылық өмірін осы қалаға арнады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалінің, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Ибрагим Иса 2014 жылы 65 жасында дүниеден озды. Оның артында қалған мол мұрасы – Алматы мен қазақ өнерінің қазынасы болып қала бермек.



Алматы архивінде Бақытжан Әбішевтің бұрышы ашылды

Алматы қаласы Мемлекеттік архивінде Қазақстанның көрнекті суретші-мүсіншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегері, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, Қазақстан өнер академиясының академигі Бақытжан Әлімбайұлы Әбішевтің көрме бұрышы ашылды.



Досбол
АТАЖАН

Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Абзал Ботанов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев, Бақытжан Әбішевтің жұбайы, ҚР еңбек сіңірген өртісі Шәмшіәгул Мендиярова мен ұл-қызы және өзге де зиялылар қатысты.

– Архив мақсаты – бірінші кезекте тарихты сақтау. Біз үшін бұл Алматы қаласының тарихы. Бірақ біз жеке тұлғалардың мұрасын да сақтаймыз. Себебі, адамның еңбегі тек бір салаға емес, қала мен бүкіл республикаға сіңеді. Қоғамда архив тек құжат сақтайтын мекеме деген пікір бар. Бірақ архив құжаттан бөлек тарихты өз қолдарымен жасаған, жазған адамдарды сақтап, оларды насихаттау бойынша жұмыс жасайды, – деді Абзал Ботанов.

Көрмеге мүсіншінің әр жылдардағы жасаған «Наташа» (1979), «Би» (2000), «Токтар Әубәкіров» (2004), «Мұстафа Кемал Ататүрік» (2008), «Құрылтай», «Анамның портреті», «Палуандар» (2010), «Пішімбаев» (2011), «Кенен Әзірбаев» (2013), «Роза Бағланова» (2015) сынды қоладан және мрамордан жасалған 10 мүсіні қойылды. Жиында Бақытжан Әлімбайұлы туралы естеліктер айтылып, оның шығармашылығы жайында сыр шертілді.

– Әкеміз талапшыл әрі қамқор кісі болатын. Мені еркелетіп, қалағанымды алып беретін. Ал бір жұмысты бастаса соған толығымен кіріп кетеді. Күн-түн демей, жұмыс істейтін. Көп нәрсені әкемізден үйрендім. Екеуіміздің әңгімесі әрдайым өнерді талқылаумен аяқталатын. Тура сол кісінің жолын құдық деп айта алмаймын. Бірақ мен сурет саламын, ал бауырым мүсін жасайды, – деді Бақытжан Әбішевтің қызы Сәнді Әбішева.



Ақын Ибрагим Исаның есімімен сырттай таныс болғаныммен, онымен алғаш рет 2003 жылдың мамыр айында Алматы қаласында кездестім. Танымал әнші Сәкен Қалымов екеуі «Ақшамның» редакциясына арнайы келген болатын. Ол кезде композитор Қ.Құрманәлінің «Ән-аға» әні ел аузында шарықтап тұрған шақ. Әннің шығу тарихы туралы әңгімелеп, журналист әріптесім Арсен Саттарға сұхбат берді. Содан бастап ақын аға біздің газетіміздің нағыз жанашырына айналып, шығармашылық кеңесін беріп жүрді. Тіпті, Алматының өнер майталмандарымен редакцияда талай кездесулер ұйымдастырып, сирек өнер иелерімен сұхбаттасуға мүмкіндік туғызған сәттері де көп болды. Өмірінің соңғы жылдарында редакцияға арнайы келіп, «Бейнетім де, зейнетім де – поэзия» деп, өзі туралы сұхбат берді. Бұл да бір ақынның соңғы бой жазған кезі екен-ау.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

табысты нәтижелерге жетудің негізі

Қаңтар оқиғасы Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы ең ауыр кезеңдерінің бірі болды. Тәртіпсіздіктер мен бүлік кезінде Алматы қаласында көптеген қару-жарақ қолды болып, заңсыз айналымға түсті. Бұл жағдай тек құқық қорғау органдары үшін ғана емес, қоғамның қауіпсіздігі үшін де үлкен мәселе туғызды. Бүгінгі күні бұл қарулардың бір бөлігі әлі де тұрғындардың қолында болуы мүмкін, ал бұл кез келген уақытта қауіп төндіруі ықтимал. Осы ретте «Заңсыз қаруды тәркілеу бойынша жаппай науқан жүргізу қажет пе?» деген сауал өзекті болып отыр.

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ
САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Заңсыз қару-жарақтың қолданыста болуы қоғамның барлық саласына қауіп төндіреді. Қарудың қылмыстық мақсатта қолданылуы мүмкіндігі тұрғындардың тыныштығын бұзып, қоғамдық тәртіптің сақталуына кедергі келтіреді. Осы ретте Қаңтар оқиғасынан кейін қару кейбір топтардың қолына өтіп, оны мемлекетке қарсы әрекеттер үшін қолдану мүмкіндігі жоғарылады. Жаппай тәртіпсіздіктерден кейін қарудың белгілі бір бөлігі террористік ұйымдардың қолына өтуі мүмкін деген болжамдар да жоқ емес. Сондықтан Қаңтар оқиғасынан кейін құқық қорғау органдары қаруды іздеу, тәркілеу және есепке алу жұмыстарын күшейтті. 2022 жылдың ішінде 500-ден астам заңсыз қару тәркіленіп, бірнеше ірі қылмыстық топтар жойылды. Бірақ бұл мәселені толық шешуге жеткіліксіз болып отыр.

Егер біз қару тәркілеу науқанын өткізетін болсақ, қоғамның қауіпсіздігі артады. Қылмыстық топтардың қару қолдану мүмкіндігі төмендейді. Қару-жарақ айналымы заңды түрде қадағаланатын болады. Сондықтан қару тапсырушы немесе заңсыз қару туралы хабар берушілерге қаржылай сыйақы ұсынуымыз керек. Қарудың заңсыз айналымының қауіпті екенін халыққа ұғындыру үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде

түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

ЗАҢСЫЗ ҚАРУ
ТӘРКІЛЕНУІ КЕРЕК

Негізі, қарапайым халықтың қолына қару ұстап жүруі дұрыс емес. Сол үшін Алматыда жаппай заңсыз қару тәркілеу науқанын жүргізуіміз керек. Қазір екінші бірінші қолында қару жүруі мүмкін. Әсіресе, жастар абай болғаны жөн. Қаншама адам қарудың құрбанына айналып кетеді. Бұл жерде құқық қорғау органдары, ең бірінші, қарапайым халықпен бірлесіп жұмыс жасауы тиіс. Өкінішке қарай, қазір халық полицейлерден қорқады, сенбейді. Егер біреудің қару ұстап жүргенін құқық қорғаушыларға айтайын десе, оның өзінен бастап тексеріп әуреге салады. Куә ретінде қайта-қайта тергеуге, сотқа шақырып, уақытын алады. Сондықтан мұны ретке келтіру үшін халықтың полицейлерге деген сенімін оятуымыз қажет. Халық көмектеспей, полиция да, Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері де мұны ретке келтіре алмайды.

Одан кейін қазір Ішкі істер органдарында мынадай бір келеңсіздік бар. Мәселен, орғанда бір қызметкер 45 жасқа толса, бірден зейнетке шығарады. Яғни орган қызметкері 45-тен кейін жұмыстан кетіп, оның орнына жас қызметкерді алады. Тәжірибесі мол адамды жұмысынан ығыстырады. Осыдан келіп полицияның қырағылығы төмендемей



ме? Мұны да ретке келтіретін уақыт жетті.

ЗАҢ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ
ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Бізде қаруды сағып алу, оны ұстау, пайдаланудың тәртібі туралы арнайы заң бар. Бұл жерде, ең бастысы, сол заң міндетті түрде орындалуы тиіс. Өкінішке қарай, тек қана бұл салада емес, барлық салада да заңның орындалуына келгенде ақсап жатамыз. Осының салдарынан түрлі келеңсіздіктер орын алып жатады. Бұл тиісті органдардың заңның орындалуын қадағалаудағы кемшілігінен деп есептейміз.

Сол секілді, дін саласын да бақылаусыз қалдырғанымыздан өкінішті жағдайға душар болып отырмыз. Сондықтан заңның орындалуын қатаң бақылап, қару-жарақты тағы бір жаппай тәркілейтін кез жетті. Алматыда заңсыз қаруды қайтадан тәркілеу қажет. Онсыз болмайды. Қару-жарақ дүкенін тонаған қылмыскерлерді құқық қорғау органдары әлі де ұстауы тиіс. Сақтық шараларын күшейтіп, қару мәселесінде өте мұқият болғанымыз жөн. Заңсыз қару-жарақты жаппай

тәркілеу науқанын ұйымдастырғанымыз дұрыс. Қаруды тәркілеуді ертерек қолға алмасақ, мұның арты жақсы болмайды. Халықтың қауіпсіздігі үшін заңсыз қару айналымын шектеу, оның себептерін жою және азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімін қайта қалпына келтіру қажет.

ЫНТАЛАНДЫРУ
ЖҰМЫСТАРЫН ҚОЛҒА
АЛҒАН ЖӨН

Алматыда жаппай заңсыз қару тәркілеу науқанын ұйымдастыру арқылы қаланың қауіпсіздігін арттыру қажет. Бұл науқан барысында азаматтар өз еріктерімен заңсыз қару-жарақты тапсыруға ынталандырылуы тиіс. Мысалы, қару-жарақты тапсырушыларға белгілі бір жеңілдіктер, марапаттар немесе басқа да ынталандыру шаралары ұсынылуы мүмкін.

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, заңсыз қару-жарақты тәркілеу науқандары тиімді болуы мүмкін. Мысалы, АҚШ, Австралия, Канада сияқты елдерде қару-жарақты тәркілеу бойынша түрлі бағдарламалар жүзеге асырылған. Онда азаматтар

өздерінің заңсыз қару-жарақтарын тапсырып, қауіпсіздікке үлес қосып, әлеуметтік жауапкершілік танытуда. Сондықтан бізде құқық қорғау органдары мен халықтың өзара ынтымақтастығы бұл мәселені шешудің кілті болып табылады. Алайда, халық полицияға сенімсіздікпен қараса, мәселені шешу қиынға соғады. Сондықтан құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру, азаматтармен тығыз қарым-қатынас орнату, қоғаммен бірлескен жобалар өткізу, халықты құқық қорғау органдарының жұмысына тарту – маңызды шаралар.

Қалай десек те, Алматыда жаппай заңсыз қару тәркілеу науқанының өткізілуі – уақыт талабы. Бұл шара қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру және жастар арасында қару-жарақтың заңсыз айналымын шектеу үшін маңызды. Сондықтан құқық қорғау органдары, мемлекеттік құрылымдар мен қоғам бірлесе отырып, осы мәселені шешуге бағытталған кешенді шараларды қолға алуы керек. Заңның орындалуын қатаң бақылау, халықпен ынтымақтастықты нығайту және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру – табысты нәтижелерге жетудің негізі.

● ТҮЙІН:

Заңсыз қару тәркілеу мәселесін кешенді түрде шешу үшін құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру, заңнаманы қатаңдату, халық арасында ақпараттық жұмыстар жүргізу және халықаралық тәжірибені пайдалану қажет. Осы шаралар халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және заңсыз қарудың айналымын азайтуға көмектеседі. Алматыда жаппай заңсыз қаруды тәркілеу науқанын жүргізу – қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам. Бұл мәселе күштік құрылымдардың ғана емес, бүкіл қоғамның қатысуымен шешілуі тиіс. Ұлттық қауіпсіздік – барлығымыздың ортақ міндетіміз. Заңсыз қаруды қоғамнан аластату арқылы біз қауіпсіз және тұрақты Қазақстанды бірге құра аламыз.

● АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Алматы – Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі. Мұнда халық санының қарқынды өсуі, урбанизация және күрделі әлеуметтік мәселелер қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіне ерекше талап қойып отыр. Осы орайда, мегаполисте уәкілетті органдардың ролін арттыру маңызды. Алайда, олардың жұмысы қазіргі уақытта көптеген шектеулер мен проблемаларға тап болып отыр.

ЖҮКТЕМЕ ӨТЕ ҮЛКЕН

Бүгінгі таңда елімізде құқық қорғау саласында реформалар жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Уәкілетті органдардың құзыретін көтеру – осы реформалардың маңызды бір бөлігі. Бұл ретте уәкілетті инспектор – құқық қорғау органдарының ең жақын өкілі. Ол жергілікті тұрғындармен тікелей байланыс орната отырып, олардың құқығын қорғап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Бірақ Алматы сияқты үлкен қалада инспекторларға артылған жүктеме өте үлкен. Бір инспекторға бірнеше мың тұрғыннан келетін аумақ бөлінген.

Бұл олардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Уәкілетті инспекторлар тек қылмыстарды тергеп қана қоймай, әкімшілік мәселелер, отбасылық жанжалдар, құжаттарды рәсімдеу сияқты сансыз міндеттерді атқарады. Алматының көптеген аудандарында инспекторлардың кеңселері жеткіліксіз жабдықталған. Заманауи техника мен көліктердің тапшылығы байқалады. Инспектор-

ларға тұрғындардың көптеген мәселелерін шешуге заңды құралдар жетіспейді. Олар белгілі бір деңгейде шенеуніктер мен өзге де органдарға тәуелді. Кей аудандарда уәкілетті инспекторлардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар жиі кездеседі.

ХАЛЫҚ САЙЛАСА
ҚАЙТЕДІ?..

Уәкілетті инспекторлардың құзыретін көтеру төңірегіндегі әңгімелер талай жылдан бері көтеріліп келеді. Тіпті, оларды шет елдегідей шериф дәрежесіне дейін көтеру туралы ұсыныстар да айтылуда. Әрине, мұны қолдауға болады. Неге? Өйткені, шет елдерде шерифтің құзыреті жоғары. Олар өзіне қарасты аймақтағы барлық тәртіпсіздікке жауап береді. Жол полициясы секілді кетіп бара жатқан көлікті де тоқтатып, оны тексеруіне құқы бар. Есірткі бизнесімен, ұйымдасқан қылмыстық топпен, қоғамдық қауіпсіздікпен, тіпті сот шешімін орындаумен де айналысады.

Сонымен қатар, шетелдік шерифтердің өзінің көмекшілері бар. Оларды Ішкі істер департаменттері тағайындамайды, сол аймақтың халқы сайлайды. Бізде бір аймақ емес, үш-төрт аймаққа бір-ақ уәкілетті инспектордан келеді. Кейбірінің тіпті көмекшілері де жоқ, жалғыз өзі әрекет етеді. Оның үстіне, уәкілетті инспекторларды халық сайламайды, департамент тағайындайды. Ал департамент сол аймаққа мүлдем қатысы жоқ, онда ешкімді танымайтын біреуді уәкілетті инспектор етіп қоя-

тын жағдайлар да кездеседі. Ол онда ешкімді танымағандан кейін, ауылдың ұрысы кім, қарысы кім, ішкіші кім, бұзақысы кім, білмейді.

Әрине, уәкілетті инспекторлардың құзыретін көтеруіміз керек. Шериф деңгейіне көтерген жақсы-ақ. Бірақ оған біздің халық дайын ба – әңгіме осында. Мұны жүзеге асыру оңай емес. Өйткені, бұл тұрмақ, құқық қорғау саласындағы соңғы кездегі реформалардың өзі бізде әлі бірізділікке түскен жоқ. Сондықтан полиция «анадай болса, мынадай болса» деп қанша айтқанымызбен, қазірше мұның барлығы бос сөз күйінде қалып кетеді. Сол үшін қалыптасқан бұрынғы жүйемен жұмыс істей отырып, қылмыстың ушыққан бетін қайтарған соң, бірте-бірте шетелдік тиімді тәжірибені өзімізге енгізгеніміз жөн. Мұны кезең-кезеңмен, жоспарлы түрде атқарғанымыз дұрыс.

КАДРЛАРДЫ КӘСІБИ
ДАЯРЛАУ КЕРЕК

Шетелдік модельдерді тікелей енгізу біздің қоғамымыздың менталитетіне сай келмеуі мүмкін. Мысалы, АҚШ-тағы құқық қорғаушылардың талаптарын халық жоғары деңгейде қабылдайды. Алайда, Қазақстанда құқықтық сауаттылық төмен және халық заңды жиі бұзады. Уәкілетті инспекторлардың міндеттері мен жауапкершіліктерін арттыру кезінде бұл факторларды ескеру керек. Шетелдік тәжірибеде шерифтер қоғамдық қауіпсіздікпен қатар, құқық қорғау функцияларын да атқарады. Олар өз

аймағындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынаста болады. Қазақстанда уәкілетті полицейлерге шериф деңгейіне көтерілу үшін кадрларды кәсіби даярлау керек. Уәкілетті инспекторларға құқық қорғау мәселелері бойынша терең білім берген жөн.

Онымен қоса, жергілікті халықтың қолдауы маңызды. Халықтың қатысуымен уәкілетті инспекторлар сайланса, олар жергілікті проблемаларды жақсырақ білетін болады. Осылайша жауапкершілік жоғарылап, уәкілетті полицейлердің қоғам алдында беделі артады. Сондықтан қазірден бастап уәкілетті инспекторлар халықпен жиі кездесіп, қоғамдық шараларға қатысып, халықтың сенімін нығайтуға тырысуы қажет.

МӘСЕЛЕНІ КЕШЕНДІ ТҮРДЕ
ШЕШКЕН ЖӨН

Алматыда уәкілетті полицейлердің құзыретін арттыру үшін олардың білім мен біліктілігін көтеру қажет. Уәкілетті инспекторлардың кәсіби білімдерін арттыру мақсатында арнайы курстар мен семинарлар өткізген дұрыс. Бұл оларға заманауи құқық қорғау әдістері мен тактикаларын үйренуге көмектеседі. Сонымен бірге, тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыру керек. Басқа өңірлердің немесе шет елдердің тәжірибесін зертеп, олардан үлгі алған жөн. Уәкілетті полицейлердің құқығын нақты анықтап, олардың азаматтармен жұмыс жасауына қажетті нормаларды бекіту керек. Құқық қорғау

қызметінде цифрлық технологияларды қолдану маңызды.

Мысалы, мобильді қосымшалар арқылы тұрғындар уәкілетті полицейлермен байланысқа шығып, мәселелерін тез шешуіне мүмкіндік алса жақсы-ақ болар еді. Қоғамдық орындарда бейнебақылау камераларының санын арттырған жөн. Бұл қылмысты анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді.

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК
АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР

Уәкілетті инспекторлар – тек қылмыспен күресуші емес, сонымен қатар, жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы сенімді көпір. Олардың жұмысының сапасы тұрғындардың қауіпсіздікке деген сенімін нығайтып, Алматының дамуына үлес қосады. Сондықтан олардың құзыретін арттыру – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Алматы сияқты мегаполисте уәкілетті инспекторлардың құзыреті артып, жағдайлары жақсарған жағдайда ғана қала тұрғындарының қауіпсіздігіне толыққанды кепілдік беріледі. Бұл тек құқық қорғау жүйесі үшін емес, тұтас қоғам үшін маңызды қадам.

Сондықтан Алматыда уәкілетті инспекторлардың құзыретін арттыру – уақыт талабы. Бұл бағытта нақты қадамдар жасалса, мегаполис тұрғындары құқық қорғау органдарына деген сенімін арттырып, өздерін әлдеқайда қауіпсіз сезінер еді.

Бетті әзірлеген
Серік ЖҰМАБАЕВ.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



(Дереккөз: visitalmaty.kz).

Еліміздің туристік әлеуеті:

АЛМАТЫ ТАУ КЛАСТЕРІН ДАМУ

Шетелдік саяхатшыларға түрлі мүмкіндіктер ұсынатын
Neo Nomad Visa жобасы іске қосылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновты қабылдады. Президентке отандық спорт саласын кешенді реформалау жөнінде бұған дейін берілген тапсырмаларының орындалу барысы баяндалды.

Мемлекет басшысына балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту, төрешілер мен мамандар біліктілігін арттыру, легионер санын азайту, федерациялар жұмысын оңтайландыру бағытында атқарылған жұмыстар туралы есеп берілді.

Ербол Мырзабосыновтың айтуынша, саалаға вертикалды басқару жүйесін енгізу шаралары басталды. Осы мақсатта министрлік жанынан арнайы құрылған топ мүшелері өңірлердегі спорт саласының жағдайына жан-жақты талдау жүргізді. Бұдан бөлек, қолданыстағы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңға негізгі басымдықтарды айқындайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін жұмыс тобы құрылды. Халықара-

лық федерациялармен ынтымақтастық аясын кеңейту, спорт инфрақұрылымдарын жетілдіру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр.

• Мемлекет басшысына еліміздің туристік әлеуетін арттыру шаралары туралы мәлімет берілді. Мысалы, шетелдік саяхатшыларға түрлі мүмкіндіктер ұсынатын Neo Nomad Visa жобасы іске қосылды. Президент тапсырмасына сәйкес, Алматы тау кластерін, Маңғыстау және Бұрабай курорты аймақтарында жағажай туризмін дамыту жөнінде кешенді жоспар әзірленуде. Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті құрылып, лудоманияға қарсы күрес қолға алынды.

Мемлекет басшысы министрге спорт және туризм салаларын одан әрі жетілдіру жөнінде бірқатар нақты міндет жүктеді. Атап айтқанда, алдағы уақытта өтетін халықаралық спорт додаларына дайындық деңгейін пысықтауды, сондай-ақ елімізде танымалдығы артып келе жатқан падел спортын ілгерілетуге назар аударуды тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

ТУРИЗМ

МЕЙМАНДАР ҚАТАРЫ
АРТА ТҮСТІ

Алматыда Қытайдағы Қазақстан туризм жылының жабылуына арналған халықаралық форум ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.

Досбол
АТАЖАН

Оған екі елдің туризм индустриясының 300-ден астам өкілі қатысты. Форум аясында Қытайдағы Қазақстан туризмінің жылы қорытындыланды.

– Қытайдағы Қазақстан туризм жылының ашылу салтанаты Бейжің қаласында өтсе, жабылу салтанатына қонақжай Алматыда жиналып отырмыз. Мұның да сәйкестігі бар, Бейжің мен Алматы елдеріміз арасындағы ең сұранысқа ие бағыттар. Шекара қызметінің деректеріне сәйкес қазақстандықтардың Қытайға сапары 31%-ға, ал Қытайдан Қазақстанға келген меймандар қатары 50%-ға арта түсті. Бұл көрсеткіштер Қытайдағы Қазақстан туризм жылы аясында атқарылған жобалардың нақты нәтиже беріп жатқанын сенімді түрде көрсетеді. Биыл 30-дан астам іскерлік және мәдени іс-шаралар сәтті өтті. Бұл халықтарымыз арасындағы өзара қызығушылықты арттыруға ықпал етті, – деді Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің орынбасары Ержан Еркінбаев.

Ал Қытайдың Алматыдағы Бас консулы Цзян Вэй екі ел арасындағы байланыс нығая түскенін атап өтті.

– Қытайдағы Қазақстан туризм жылы жарияланған сәттен бастап, екі елдің мәдени және туристік ұйымдары әртүрлі іс-шаралар өткізе бастады. Қонаев, Түркістан қалаларында Ұлы Жібек жолын зерттеу бойынша үлкен жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, Қазақстан мен Қытай арасында

бір аптадағы әуе рейстері 70-ке жуықтады. Қытайдың барлық ірі қалаларынан тікелей рейстер ашылды. Енді келесі жылы Қазақстанда Қытай туризмінің жылы өтеді. Сондықтан біз қазақстандық меймандарды асыға күтеміз, – деді Қытайдың Алматыдағы Бас консулы Цзян Вэй.

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Қайрат Сәдуақасов биыл Қазақстанға көрші елден жарты миллионға жуық турист келгенін айтты. Оның айтуынша, қытайлық саяхатшылар орта есеппен 1 мың АҚШ долларын жұмсайды.

– Көп жыл бойы Қазақстаннан Қытайға баратын саяхатшылар саны бізге келетін туристерге қарағанда көбірек болатын. Биыл 400 мыңдай жерлесіміз Қытайға барса, көрші мемлекеттен Қазақстанға осы жылдың 10 айында келген туристер саны 550 мыңға жетті. Біздегі дерекке сүйенсек, қытайлық турист орта есеппен 1 мың доллар жұмсайды, – деді «Kazakh Tourism» Төрағасы.

Ал Қазақстан мен Орталық Азиядағы Mastercard бас директоры Санжар Жамалов елімізге негізінен Қытайдың қай өңірлерінен туристер келетінін көрсетті. Оның айтуынша, қытайлық туристердің 31%-ы Гуанчжоудан, 20%-ы Бейжіңнен, 12%-ы Үрімшіден, 12%-ы Шанхайдан, 8%-ы Ханчжоудан келеді. Ал қытайлық саяхатшылар таңдайтын басты бағыт, бұл – Алматы. Одан кейінгі орындарда Астана, Түркістан қалалары тұр. Сондай-ақ, көршілес елден келген туристер орта есеппен Алматыда 7–9 күн өткізеді.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Геннадий НАСОНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы:

«ЖЕҢІСТІҢ КӨК ТУЫ
желбірейтін күн алыс емес»

«Құрмет» орденінің иегері әрі Париж Олимпиадасының жүлдегері, нысана көздеуші Ислам Сәтбаевтың жаттықтырушысы Геннадий Насонов 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін төрт жылдықтың басты бәсекесінде шәкірттерінің сәтті өнер көрсетуі үшін дайындықты бастап кеткенін мәлімдеді. Орайлы сәтте спорт маманын әңгімеге тартып, Олимпиададағы қазақстандық мергендердің дайындығына байланысты ой-пікірлерімен бөлісуді өтіндік.

– Уақыттың қалай зымырап өте шыққанын байқамай да қаласыз, – дейді ол. – Үш жылың бір сәт сияқты көрінер. Сол үшін стартқа қарқынды дайындалуымыз қажет. Өйткені, Париж ойындары бізге біраз ой салды. Баға жетпес тәжірибе жинақтадық деуге болады. Ең бастысы, 28 жылдан кейін қазақстандық мергендер қайтадан құрмет тұғырына көтерілді. Шынымды айтсам, Ислам Сәтбаевтың мықты өнер көрсететініне еш күмәнім болған жоқ. Ол төртжылдықтың басты бәйгесіне қазақстандық спортшылар арасынан жолдама алған тұңғыш спортшы болды. Тағы бір ерекше айтып өтер жәйт, Франция астанасында Ислам Александра Лемен бірге аралас жұпта бірінші болып медаль жеңіп алды. Қазақстандық дуэт Германия командасымен үшінші орынға таласқан кезде рухтың беріктігі мен төзімділік көрсете білді. Нәтижесінде Олимпиаданың қола медалін қанжығасына байлады.



Ислам туралы айтар болсам, бірге жұмыс істеген 7 жылдың ішінде ол өз ісін жан-тәнімен жақсы көретін, тәртіпті әрі діндеген мақсатына жету үшін ештеңеден тайсалмайтын спортшы ретінде көрсетті. Ол үшін жарыстың үлкен-кішісі жоқ. Бұған дейін де айттым, тағы да қайталаймын: «Исламды бір шеңберге итермелеудің қажеті жоқ. Ол өз мүмкіндігін біледі әрі ұзақ жаттығудан тайынбайды».

– Тобыңызда басқа спортшылар да бар екен. Болашағы бар жігіттер бар ма?

– Ислам Сәтбаевты қосқанда, бес жігіт бар. Барлығы «тапаншадан ататындар» және халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері. Техникалық шеберлік бойынша ОСК-ның мүшелері ең жауапты старттарда өнер көрсетуге әрқаздайын тұрады. Сәтсіздік деген ұғым бар. Париждегі ойын біздің спортшылар үшін сәтсіз болды. Валерий Рахимжан лицензияланған Әлем Кубогында бесінші орынға не болып, Франция сапарын жөнуіне бір-ақ қадам жетпей қалған еді. Эльдар Имангулов пен Валерия Поспелова да осы тектес жарыстардың күміс жүлдегері атанды. Бірақ осы жолы өнер көрсеткенде бұл жарыстар лицензияланбаған болып шықты. Бірқатар халықаралық жарыстардың жеңімпазы әрі жүлдегері Ярослав Махнев те болашағы бар жігіт. Мен оларға сенемін әрі Лос-Анджелес Олимпиадасында әлі-ақ өздерін көрсетеді деген үмітім зор. Парижде Сәтбаевтың сәтті көрсеткен өнерінен кейін олардың да ынта-жігері оянып, олимпиада тұғырына көтерілуіне қозғау салды.

– Сіздің оптимизміңіз жаман емес көрінеді...

– Жыл өткен сайын тәжірибе жинап келемін. Жаттықтырушы болғаным 5 жыл болыпты. Өмірімде кедергілер аз болған жоқ. Менің алғашқы олимпиадам Атланта ойындары еді (1996). Ол кезде менің тәрбиеленушім Юрий Роднов қозғалмалы нысанаға ату бағдарламасында 12-ші орынды иеленді. Содан кейін жарыстың бұл түрі төрт жылдық старт бағдарламасынан мүлдем алынып тасталды. Содан маған «мылтық» пен «тапаншадан ату» жаттығуларын біріктіруге тура келді. Оңай болған жоқ. Бірақ Париж Олимпиадасының алдында біздің де жеңімпаз болуға мүмкіндігіміз бар деген түсінік келді.

– Бұған не ықпал етті деп ойлайсыз?

– Спортқа жауапты адамдардың көзқарасы әсер еткен болуы керек. Жағдайымыз біз ойлағандай жаман емес екен. Мысалы, Спорт және туризм министрлігі, Оқ ату федерациясы спортшыларымыздың Парижде тиісті деңгейде өнер көрсетуіне барлық жағдай жасады. Шет елде және Алматыдағы жаңа Олимпиадалық базамызда жиындар ұйымдастырылып, сабақ өтуіміз үшін барлық жағдай бар. Оған қоса, біздегі әскери бөлімнің көмегі де орасан зор болды. Мысалы, барлық спортшылар армиямыздың қызметкерлері. Ал Ислам Сәтбаев офицерлік лауазымға тағайындалып, «лейтенант» атағын алуын күтіп жүр. Сол себепті, жеңістің Көк Туы желбірейтін күн алыс емес деген ойдамыз.

Сұхбаттасқан
Тасжүрек АНДАСОВ.



ОЙ-ТҮРТКІ

АЛМАТЫ – СПОРТ ФЛАГМАНЫ

Еліміздің ең ірі мегаполисінде бұл саланы дамыту үшін түбегейлі өзгеріс қажет

Танымал спорт функционері, ҚР еңбек сіңірген дене шынықтыру қызметкері, Спорт резервін дайындау бойынша еңбек сіңірген жаттықтырушы, Қазақ спорт және туризм академиясының аға оқытушысы Серік Байтұрсынұвтың еліміздің ең ірі мегаполисінде бұқаралық және кәсіби спортты дамытудың перспективасы жөніндегі ой-толғамын назарларыңызға ұсынамыз.

Уақыт жаңаша көзқарасты талап етеді

Қиындықсыз өмір жоқ. Әсіресе, біздер, спортшылар, оның не екенін жақсы білеміз. «Еңбек етпеген ішіп-жемейді» деген ұғым бар. Әңгіме жарты ғасыр ғұмырын спортқа арнаған спорт ұйымы жайында емес. Алматыдағы спорт саласының біраз қызметкерлері әлі күнге дейін бұрынғы орындарында отыр. Әлбетте, уақыт өтеді, көзқарас та, бағыт та ауысады. Алайда, заман ағымы өзгергенмен, дәстүр өзгермейтіні хақ. Мегаполисіміз кеңес заманында да, егемендік жылдарында да үлкен жеңістерге қол жеткізуге ұмтылыс жасап келді. Өткен олимпиадада спортшыларымыздың жүлдемен оралғаны қуантты.

Бір әттеген-айы, Алматы екі олимпиадалық циклда да алтынсыз қалды. Десе де, Дмитрий Баландиннің Риодағы алтын медалі (2016) соңғы болмайтынына бек сенімдімін. Ендеше, спорт саласын дамытуға бағытталған барлық әрекетіміз бекер емес. Спорт саласын дамыту белгілі бір дәрежеде сіз бен бізге де байланысты екенін естен шығармаған жөн.

Не істемек керек?

Менің ойымша, еліміздегі ең ірі мегаполистің спортын дамыту үшін түбегейлі өзгеріс қажет. Ол үшін не істемек керек?!

Ең әуелі, 2017 жылға дейін жұмыс істеп келген спорт мектептерінің санын ұлғайту. Бір кездері бізде 20-дан астам спорт мектебі болған еді. Қазір оншақты балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бар. Өмір бір орнында тұрған жоқ. Қала күн санап дамып келеді. Қазір Алматыда 4 емес, 8 аудан бар. Халық саны да артты. Әсіресе, балалар көп. Соған қарап кейбір аудандарда тіпті спорт мектебінің болмауы қынжылтады. Мысалы, Наурызбай, Медеу мен Алатау аудандарында қалалық балалар мен жасөспірімдер мектебі (БЖСМ) жоқ. Демек, бұл аудандардағы жасөспірімдердің кәсіби спортпен шұғылдануына мүмкінді қарастырылмаған.

Кейбір «көп» бойынша бұл аудандарда дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға арналған орындар бар екен. Сонда не істемек керек? Бұл тығырықтан шығудың жалғыз жолы – спорт мектептерінің құрылымын қайта құрған жөн.

Дәлірек айтқанда, БЖСМ-ның негізінде және жалпы білім беретін мектептерде БЖСМ мен Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің қамқорлығы аясында олимпиадалық спорт түрлері бойынша арнайы сыныптар ашса, нұр үстіне нұр болар еді.

Әсілі, «ескінің тозығы жаңаның озығына айналса» деген осындайда айтылса керек. Бұл – жаңа чемпиондарды тәрбиелеп шығарудың ең тиімді әдісі.

Біріншіден, барлық орта мектептерде спорттық база бар. Кейбір мектептер, тіпті бассейнен қамтамасыз етілген. Осы жердің өзінде-ақ екі рет жаттығу жүргізуге болады. Баланы тамақпен қамтамасыз ету мәселесі де шешіліп тұр. Өйткені, кез келген жалпы білім беретін мектепте асхана бар. Тек мектеп асханасында тамақ ішу (түскі ас) ақылы болады. Бұл қаражатты спорттық-бұқаралық іс-шаралар



күнтізбесі мен түрлі алымдар жинайтын БЖСМ-нен табуға болады. Жалпы, білім беретін мектептерде тамақтануға аз да болса қаражат бөлінеді. Менің ойымша, ата-аналар да бұл мәселеде тысқары қалмайды. Кейбір жекелеген спорт түрінің легионерге жұмсайтын қаражатты қайдан алатынын сөз студент аулақпыз (легионердің бір жалақысы республикадағы арнайы сыныптарды қамтамасыз етуге жетеді). Осылайша біз өз Отанының намысын қорғайтын болашақ жеңімпаздарды тәрбиелеп шығарамыз.

Мәселен, екі миллион тұрғыны бар қалада 10 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бар делік. Соның әрқайсында 25 оқушыны дайындайтын арнайы сынып бар (бұл қарапайым арифметика). Бұл дегеніміз, қала бойынша белгілі бір спорт түрінен іріктеуден өткен кіл мықты деген 500 дарынды оқушы тәрбиеленіп келеді деген сөз. Егер осы іске мықтап кіріссек, спорт базасы жоқ қалалық интернатқа қажеттілік болмай қалады.

Спорттық базадағы интернатта коньки тебушілер мен әйелдер хоккей командасы жаттығатын үрлемелі манеж бар. Қалған спорт түрлері жалға алып отыр. Бұл қымбатқа түседі. Білім алып жүрген оқушылардың саны небәрі 280 адам ғана.

«Келісіп пішкен тон келте болмас»

Мұндай арнайы сыныптардың тағы бір артықшылығы, оқу мен жаттығу жұмысы әрдайым бақылауда болады. Тіпті, әр оқушы бақылауда болады. Бала сабаққа келмесе, сынып жетекшісі бірден дабыл қағады. Оқушы жаттығуға қатыспай жүр ме, тәлімгер директорға хабарлайды. Көрдіңіз бе, бәрі бір-бірімен тығыз байланыста болады. «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген дана халқымыз қашанда ымыраласып, келісе отырып бастаған әрбір істе бір қайыр бар дейді. Яғни мектеп пен БЖСМ арасындағы мұндай өзара іс-қимыл міндетті түрде өз жемісін береді. Өйткені, екі тараптың да мүддесі бір. Оған қоса екі реттік жаттығулар жазда да жалғаса береді. Мектептерде оқу-жаттығу сабақтарын тоқтатпауға мүмкіндік беретін сауықтыру лагерлері құрылады. Ал қазір қалай? Жаз кезінде оқушылар демалысқа үйлеріне жіберіледі. Сол кезде балалар спортпен шұғылдана ма, жоқ па, оны ешкім білмейді. Ал енді қайтадан сабақ басталған кезде әркімнің деңгейі әртүрлі болады. Балалар қайтадан шамамен екі айдай жаттығу ырғағына бейімделу керек.

Ендігі мәселе, «2005 жылы бой көтерген қалалық интернат қайда кетті?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Әлбетте, интернатқа деген қажеттіліктің болғаны сөзсіз. Өйткені, қалада спортқа көңіл бөлініп, оны ары қарай дамыту жобасы іске асты. Оған қоса, материалдық-техникалық базаны құрып, оны нығайту перспективасы болды. Сонымен, 19 жылда не өзгерді? Ештеңе. Тек осыдан он жеті жыл бұрын Мұз аренасы салынды.

Ал сол оқу орнын күтіп-ұстауға мемлекеттен қаншама шығын шыққанын есептеудің өзі қорқынышты. Қарапайым арифметикалық есеп бойынша құны бірнеше миллиард теңгенің инвестициясы құйылғаны анық. Осы уақыт аралығында бір ғана Олимпиада чемпионы – Дмитрий Баландин тәрбиеленіп шыққан екен. Бірақ өзінде не бассейні жоқ, тіпті, бірде-бір жаттығу залы жоқ интернаттан мұндай тәрбиеленушінің шығуы мақтануға тұрарлық па екен, кім білсін?!

Тәрбиеленушілердің тұрақтамауы неліктен?

Бүгінде әрбір спортшының заманауи талаптарға жауап беретін базасы болуы тиіс. Ал қалалық спорт интернатында ондай мүмкіндік жоқ. Балалардың жаттығатын жері де жоқ. Оқушылар таңертең сабаққа келіп, кешке үйлеріне қайтады. Жатақхана, демалыс бөлмелері, медициналық және қалпына келтіру орталығымен қамтамасыз етілмеген. Сондықтан балалардың екі реттік жаттығудан кейін демалуына мүмкіндігі жоқ. Күні бойы салмақ аяққа түседі. Физикалық әрі моральдық жағынан шаршаған баланың жаттығуға деген ынтасы қайдан болады дерсің. Бұдан бөлек, әр оқушы бұл жерде спорттан бөлек жалпы білім беру бағдарламасы бойынша да білім алады. Демек, тәрбиеленушілердің тұрақтамай тұруы да содан.

Келесі кезекте «интернат жабыла ма?» деген сұрақ шығады. Бұл тығырықтан шығудың қандай жолы бар деуіңіз мүмкін. Шешімі біз ойлағаннан да оңай. Қалада осындай үш республикалық оқу орны бар. Бірі «Шаңырақ» ықшамауданындағы «Спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернат», екіншісі «К.Ахметов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» мен «Тимирязев, 41» мекенжайында орналасқан республикалық спорт колледжі. Мұнда Олимпиада ойындарының бірнеше дүркін чемпионы мен әлем чемпиондары, түрлі халықаралық старттардың жүлдегерлері тәрбиеленіп шыққан. Болашағынан зор үміт күттіретін дарынды балаларды сол жаққа неге бермесек?

Қалалық спортшылар республикалық бюджет есебінен қаржыландырылса да артық емес. Өйткені, олар келешекте Алматының атынан өнер көрсететін болады. Ал мұз аренасы бар қалалық оқу орны жас хоккейшілер, коньки тебушілер мен шорт-трекшілерге берілсе, құба-құп.

Сондай-ақ, мұнда қалалық диспансер мен оңалту орталығын, барлық спорт түрлеріне арналған спорт залын, қаланың бетке ұстар спортшыларына арналған демалыс бөлмелерін ұйымдастырса, нұр үстіне нұр. Жазда спорттық лагерлердің болуы артық емес. Қалада өткен Универсиададан кейінгі ареналарды тиімді пайдалану мәселесін ойластыру керек. Оның кейбірін жазғы спорт түрлеріне ауыстыруға болады. Мәселен, үш мұз айдынының не қажеті бар? Соның екеуін гандболшылар, волейболшы, баскетболшы мен теннисшілер және т.б. өз қажеттілігіне пайдалануына болады.

Олимпиада тұғырына көтерілу жалғыздың ісі емес

«Жалғыз ағаш орман болмайды» демекші, олимпиада тұғырына көтерілу жалғыздың ісі емес. Спортпен шұғылданатын балалардың санын тағы 10 мың адамға көбейтуге болатын күн алыс емес. Небір қайта құру жұмысы жүріп, мектептердің нөмірі де өзгерді. Мысалы, қазір №6, 8, 13 пен т.б. спорт мектептері жоқ. Өз кезегінде бұл мектептер Медеу, Алатау мен Наурызбай аудандарына қажет еді. Мысалы, №2 БЖСМ – жеңіл атлетика, №4 БЖСМ – жүзу, суға секіру, синхронды жүзу, №5 БЖСМ – оқ ату, №6 БЖСМ – қысқы спорт түрі бойынша білім береді. Бұл шамамен, 3100 бала.

Экономикалық тәсіл бойынша бюджет қаражатын үнемдеуді кесте түрінде нақты көрсеткім келеді. Арнайы мамандандырылған бір сыныпты мысалға алайық. Мұнда адам саны – 25. Тамақтануы күніне 700 теңгені құрайды. Айына 525 мың теңге шығады. 10 айда бұл көрсеткіш 5 250 000 болады. Егер жұмыс істеп тұрған БЖСМ-де бір сынып ашылса, 10 БЖСМ-ді қосқанда 15 750 000 теңге болады. Бұл жерде сапаға әжептәуір әсер беретіні анық. Мұндай қайта құру жұмысы қалалық Білім бөлімімен бірлесе жүргізілуі тиіс. Спорт пен Білім басқармаларында өзара келіспеушілік туындай қоймас. Өйткені, біздің мақсатымыз бір, яғни Отанымыздың болашақ патриотын ғана емес, жан-жақты әрі дені сау азаматты тәрбиелеп шығару.

Париждегі Олимпиада ойындары аяқталысымен Президент Үкіметтегі спорт қызметкерлері активінің басын қосты. Жиында спорт индустриясының жұмысына қатысты барлық мәселенің басын ашып, ашық әңгіме құрды.

Расыммен, спортты дамыту үшін мемлекеттен бөлінетін қаржы-ландыруды тиімді пайдалана білсек, одан шығатын нәтиже де көтерілетіні анық.

Бұқаралық спортты дамытуға мүдделіміз әрі міндеттіміз

Мемлекет басшысы келесі Олимпиадаға дейін (2028 ж. Лос-Анджелес, АҚШ) спорттағы жағдайды түбегейлі өзгерту бойынша нақты ұсыныстар дайындауды міндеттеді. Енді дәстүрге қайта оралсақ. Алматы әрдайым қазақстандық спорттың флагманы болған және болып қала бермек. Мұнда барлық спорт қызметкерлерінің үлкен әлеуеті мен көңіл күйі шоғырланған десек те бұқаралық спорт неге кенже қалып отыр?

Бұл мәселе спорт мамандары үшін де, әрбір азамат үшін де үлкен әлеуметтік жауапкершілік жүктейді. Біз бұқаралық спортты дамытуға мүдделіміз және міндеттіміз.

Қазір интернат салу мәселесін көтеретін болсақ, ең әуелгі сұрақ «оны қай жерге саламыз?» деген сұрақ туындайтыны анық. Бос жатқан жердің жоғы өз алдына, «интернат салатын қаражатты қайдан табуға болады?» деуден бұрын оның қай жерге салынатыны маңызды. Қуанарлық жайт, мұндай орын бар және «велосипед ойлап табудың» қажеті жоқ өйткені бұл 3 гектар жер Алматы қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасына, яғни әкімдікке тиесілі.

Біздің көздегеніміз – «Авиатор» стадионы. Спорт интернатын салуға бұдан артық жер табу қиын. Ол-ол ма, Спорт басқармасы оны қайда қосатынын білмей бас қатырып отыр. Ең әуелі оны мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебінің балансына өткізді. Содан кейін Жоғары спорттық шеберлік мектебіне, қысқы спорт түріне берді. Қысқы спорт түрінің барлық спорт базалары трамплинде, Медеу, Шымбұлақ пен солдат шатқалында екені бесенеден белгілі емес пе. Ал «Авиатор» стадионы қараусыз. Спорт басқармасы қаңырап қалған бос стадионды кәдеге жаратудың жолын таппай отырған сияқты. Егер мемлекет спорт инфрақұрылымына тиісті деңгейде қаражат бөлсе, болашақта спорт саласына алаңсыз болатынымыз сөзсіз.

**Әңгімені жазып алған
Әлім
АНАПИЯНОВ,
спорт қайраткері.**



ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

ДИАГНОСТИКАЛАУ
ДӘРІСІАлматылық онкологтар
шет ел докторының
сабағына қатысты

Алматы онкологиялық орталығында сүт безі қатерлі ісігінің ультрадыбыстық диагностикасы бойынша бірегей шеберлік сабағы өтті. Оған Шеба медициналық орталығының (Израиль) вице-президенті, доктор Йоэль Хар-Эвен жетекшілік етті.

Шеба медициналық орталығы – Израильдің ең ірі ұлттық онкологиялық орталығы. Мұнда қатерлі ісік ауруын ерте анықтау және тиімді емдеудің заманауи әдістері қолданылады.

«Қатерлі ісік неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым табысты емделеді. Бұл шеберлік сабағы біздің мамандардың біліктілігін арттыруға және сүт безі қатерлі ісігінің скринингінде ультрадыбыстық диагностикалық әдісті кеңінен қолданудың тағы бір мүмкіндігі», – деп атап өтті Алматы онкологиялық орталығы скрининг бөлімінің меңгерушісі Сұлу Садыкова.

Ультрадыбыстық әдіс ерекше маңызды. Өйткені, МРТ немесе маммографияға арналған жабдыққа қолжетімділік шектеулі, әсіресе шалғай аймақтарда. МРТ жоғары диагностикалық дәлдікті қамтамасыз етсе де, қымбат және әрқашан қолжетімді емес процедура болып қала береді. Ультрадыбыстық, керісінше, төмен шығындармен салыстырмалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Доктор Йоэль Хар-Эвен – өзінің көшбасшылық рөлінен басқа, радиология және диагностика саласындағы танымал сарапшы. Ол әзірлеген оқу курсы әртүрлі елдердің, соның ішінде Қазақстанның дәрігерлеріне УДЗ көмегімен сүт безі обырын анықтаудың озық әдістерін меңгеруге көмектеседі. Бұл әдіс тіпті кішкентай ісіктерді МРТ-ге ұқсас дәлдікпен анықтай алады.

Шеберлік сабағы бағдарламасы теориялық және практикалық бөліктерді біріктіреді. Бірінші күні доктор Хар-Эвен Алматыдағы медициналық ұйымдардың мамандары үшін дәріс оқып, онда әдістемені таныстырып, аурудың статистикасын талқылап, ерте диагностиканың маңыздылығына тоқталды. Ал келесі күндері қатысушылар ультрадыбыстық аппаратпен жұмыс істеу, науқастарды тексеруден өткізу, нәтижелерді жазып алу және одан әрі әрекет ету бағытында тәжірибелік сабақтардан өтті.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫ
ҮЙРЕТЕМІЗМегаполис мектептерінде –
«Көкөніс айы»

Алматы қаласы Білім басқармасының білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы Bonduelle Kazakhstan компаниясымен бірлесіп, дұрыс тамақтануға арналған «Дәм туралы талас» («О вкусах спорят») атты жаңа әлеуметтік жобаны іске қосты.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

БІРЕГЕЙ ОТА
Салданған қолға жан бітті

Қазақстандық және ресейлік нейрохирургтердің бірлескен операциясы пациенттің мойын түбіршектері жұлын-ми түбіршіктерінен ажырап қалу салдарынан сал болып қалған қолдың қызметін қалпына келтірді.

Алматы қаласының №7 клиникалық ауруханасының нейрохирургтері өз тәжірибесінде алғаш рет иық өрімінің жарақаты кезінде сал болған қолдың функциясын қалпына келтіру бойынша күрделі микрохирургиялық операция жасады.

26 жастағы пациент осыдан алты ай бұрын таксиге отырғанда жол-көлік апатына ұшырап, оң қолының, жауырынының

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

САПАЛЫ ӘРІ ЖЕДЕЛ КӨМЕК

Қалада тағы бір мамандандырылған орталық ашылды

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ базасында еліміздегі ішектің қабыну ауруларын (ІҚА), қысқа ішек синдромын (ҚІС) емдеу және нутритивтік түзету жөніндегі алғашқы мамандандырылған орталық ашылды.

Ішектің қабыну аурулары, соның ішінде Крон ауруы және ойық жаралы колит бүкіл әлемде кең таралған. Табысы жоғары деген АҚШ пен Еуропа елдерінде 6 миллионға жуық адам ішектің қабыну ауруларынан зардап шегеді. Жағдайлардың саны дамушы аймақтарда, соның ішінде бұрын бұл аурулар салыстырмалы түрде төмен болған Азияда да өсуде. Қазақстанда да ІҚА таралуы артып келеді.

Қысқа ішек синдромы – сирек кездесетін, бірақ ауыр ауру, әдетте жарақаттар, аурулар немесе Крон ауруы сияқты ІҚА асқынулары салдарынан аш ішектің маңызды бөліктерін хирургиялық кесуден кейін пайда болады. Әлемде ҚІС таралуы миллион адамға шаққанда 1–9 жағдай ретінде бағаланады. Бүгінгі күні елімізде қысқа ішек синдромына шалдыққан науқастардың бірыңғай статистикасы жоқ, өйткені ҚІС диагнозы жоғары мамандандырылған орталықтар жағдайында күрделі диагностиканы қажет етеді.

«Орталықтың негізгі міндеттері – ІҚА және ҚІС пациенттерінің өмір сүру сапасын арттыру, сондай-ақ болжамды жақсарту және ықтимал асқынулардың алдын алу. Біздің орталықтың бірегейлігі – диагностика үшін заманауи технологиялардың және терапияның үлкен арсеналының болуында ғана емес, сонымен қатар пациенттерге оңалту және емдеу үшін қызметтердің толық спектрін алуға мүмкіндік беретін көпсалалы топтың болуында. Біз әрбір пациентке сапалы көмек, сондай-ақ толыққанды өмірге оралу үшін қажетті қолдау беруге дайынбыз», – дейді Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасының ғылыми-клиникалық және инновациялық қызмет жөніндегі орынбасары Жамиля Қайбуллаева.

сүйектеріне, іш қуысы ағзаларына зақым келген. Жарақаттан кейін оң қолы бірден салданып қалған. Бірнеше операциядан кейін пациент №7 қалалық клиникалық аурухананың нейрохирургтеріне көмекке жүгінді.

«Иық өрімі қол қозғалтқышы болып табылады, себебі оның соңғы тармақтары иық, білек, қол бұлшықеттерін жүйке энергиясымен жабдықтайды. Бұл адамға күрделі қозғалыстарды атқаруға, атап айтсақ, өндірістің түрлі салаларында соның ішінде өнерде жұмыс істеуге, компьютерде жазуға және жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Көп жылдар бойы жұлын түбіршектерінің бөлінуімен иық өрімінің жарақаты өлімге әкеледі деп есептелді, өйткені оларды жұлынға тігу іс жүзінде мүмкін емес.

Осындай зақымданған пациенттер өмір бойы мүгедек болып қалды және олар үшін қол бөгде денеге айналатын. Кейінгі жылдары иық өрімінің қалпына келтірілмейтін зақымдануы бар науқастарға операция жасала бастады. Бұл ретте «донорлық» нервтермен иннервацияланған бұлшықеттердің функциясы зардап шеккен жоқ.

Өйткені, функционалдық тұрғыдан маңызы аз бұлшықеттердің іріктемелі нервтердің талшықтары таңдап алынды. Біздің клиниканың жағдайында осындай өте күрделі операцияларды жасауға мүмкіндік бар, операциялық микроскопты, микрохирургиялық техниканы және интраоперациялық нейромониторингті қолдану арқылы ғана жүргізуге болады», – деді №7 қалалық клиникалық аурухананың нейрохирургі Әлімхан Халимов.

Жыл соңына дейін осындай екі операция жоспарланған.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЖРВИ

кезінде жүкті әйел
не істеуі керек?

Жүктілік – бұл әйелдің өміріндегі ерекше кезең. Сондықтан ана мен іштегі баланың денсаулығына қамқорлық жасау маңызды. Ағза әртүрлі инфекцияларға, соның ішінде ЖРВИ-ге әлсіз болады.

Алматы қаласындағы №4 перзентхананың акушер-гинекологы Айшибанум Таирова жүктілік кезінде ЖРВИ жұқтырған аналарға не істеу керектігі туралы ұсыныстарымен бөлісті. ЖРВИ-дің алғашқы белгілерінде жүкті әйел дереу акушер-гинекологқа немесе терапевтке хабарласуы керек. Тек маман сіздің денсаулық жағдайыңызды бағалай алады және жүктіліктің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіз ем тағайындайды.

ЖАҒДАЙДЫ ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН
КЕЛЕСІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУҒА
БОЛАДЫ:

- сұйықтықты көп ішіңіз – жылы шай, компот, итмұрын қайнатпасы. Бұл ылғалдануға және иммундық жүйеңізді қолдауға көмектеседі.
- тамақты тұзды ерітіндісімен немесе шөп шайлармен (мысалы, түймедақ) шаю қабынуды және тамақ ауруын жеңілдетуге көмектеседі.
- тұзды немесе эфир майлары бар ингаляцияларды қолданыңыз (мысалы, эвкалипт), бірақ дәрігермен кеңескеннен кейін ғана.

ЖРВИ белгілері жойылмаса, дәрігер жүкті әйелдерге қауіпсіз дәрі-дәрмектерді тағайындай алады. Құрметті әйелдер, өз бетіңізше емделмеңіз және дәрігер кеңесінсіз дәрі қабылдамаңыз.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕБА.



туралы талас» жобасының үйлестірушілері оқушыларға естелік сыйлықтар ұсынып, белсенділік танытқан өрендерді «Мақтау қағазымен» марапаттады.

Дұрыс тамақтанатын баланың денсаулығы жақсы, көңіл күйі де көтеріңкі, білсем, көрсем, үйренсем деген ынтасы да жоғары болатыны сөзсіз. Ал біздің мемлекеттің болашағы – бүгінгі сондай сергек өрендердің қолында.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (кала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (кала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (кала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (кала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 27 қарашадағы
№4/530-2451 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 6 қарашадағы №26.1-26.08/1491-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану объектісі үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Құралай Акимбековна Байсеитованың, Амина Муратбековна Байсеитованың Медеу ауданы, Береговая көшесі, 1 А мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-315-934-016), жалпы ауданы 0,0504 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңіріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 27 қарашадағы
№4/530-2452 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 9 қазандағы №42.1-42.09/1212-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- №150 мектеп құрылысы үшін, Алматы қаласы, Алатау ауданындағы, «Шапағат» шағынауданы, Соттүстік айналым көшесінің батысында, Гвардейская көшесінің оңтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңіріміне берсін;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы 27 қарашадағы
№4/530-2452 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, атау-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Максұтов Адилжан Набижанович	20-321-016-114 (20-314-916-114)	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 83-үй	0,0718
2.	Салихова Любовь Андреевна	20-321-016-046 (20-314-916-046)	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 85-үй, 1-пәтер	жалпы - 0,1300 үлесі - 0,0421
3.	Салихова Амина Гуламидиновна	20-321-016-046 (20-314-916-046)	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 85-үй, 2-пәтер	жалпы - 0,1300 үлесі - 0,0415
4.	Махсұтов Дилмурат Набижанович	20-321-016-046 (20-314-916-046)	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 85-үй, 3-пәтер	жалпы - 0,1300 үлесі - 0,0220
5.	Лиров Леджеб Харович	20-321-016-046	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 85-үй, 4-пәтер	жалпы - 0,1300 үлесі - 0,0244
6.	Нәсілбек Бүббитатма, Тұрған Ербол	20-321-016-079	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 89-үй	0,0105
7.	Дирова Зульфия Исмаровна, Машанло Хусей	20-321-016-108	«Шапағат» шағынауданы, Биянху көшесі, 91-үй, 7-пәтер	жалпы - 0,1630 үлесі - 0,0590

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ КОМИТЕТІ КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
- «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады **www.eGov.kz** ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтанбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «eGovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес рәсімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шет елге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» **www.eGov.kz веб-порталы** арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» **www.eGov.kz веб-порталы** арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

А.Б.КИКБАЙ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
Комитеті Алматы қаласы бойынша Департаментінің
қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру
бөлімінің прокуроры.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/
aqshamy.official



www.facebook.com/
aqshamy.official



web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/
channel/
UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ПРЕМЬЕРА

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Хамит Шанғалиевтің «Хан Сұлтан. Алтын Орда» операсының премьерасына арналған баспасөз конференциясы ұйымдастырылды.

Досбол
АТАЖАН

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры 29-30 қараша және 1 желтоқсан күні өнер сүйер қауымға Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтау және Жошы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл толуына орай «Хан Сұлтан. Алтын Орда» опералық спектаклін ұсынады.

ҰЛТТЫҚ ТЕАТР

«Хан Сұлтан. Алтын Орда» операсына шақырады

Іс-шараға жаңа операның қойылуына атсалысқан тұлғалар – Абай атындағы ҚазҰОБТ директоры Айнұр Көпбасарова, Абай атындағы ҚазҰОБТ бас дирижері Нұржан Байбосынов, қоюшы-режиссер Давиде Ливермор, композитор Хамит Шанғалиев, либретто авторы Маралтай Ыбыраев, костюм жөніндегі бас суретші Айнұр Ермбетова, Абай атындағы ҚазҰОБТ опера труппасының көркемдік жетекшісі Болат Бөкенов, балетмейстер Әсем Әбдибекова және Абай атындағы ҚазҰОБТ бас хормейстері Әлия Темірбекова қатысты.

– Осы операны қоюды алғаш режиссерға ұсынғанда тарихын тереңнен тартқан Жошы ұлы-

сын, бай салт-дәстүрімізді, халқымызға тән қасиетті, адами құндылықты, отбасы тәрбиесі мен әйелдің қоғамдағы рөлін баса көрсетуді ұсындым. Мысалы, Хан Сұлтан сонау Шыңғыс хан билеп-төстеген заманда Ұлы Дала қызына тән батылдығымен, еркіндігімен, Ресей князьдерімен дипломатиялық қарым-қатынас жүргізген қабілетімен тарихта қалған. Осындай түркі әлемінің аналарын бүгінгі ұрпаққа насихаттау үшін, бір жағы оларға әділ баға беру үшін біз Ұлы даланың қайсар қыздарын сахналауды жалғастыра беруіміз керек деп ойлаймын, – деді осы қойылымның идея авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера

және балет театрының директоры Айнұр Көпбасарова.

Ал опера композиторы Хамит Шанғалиев дайындық жұмыстары кезінде көп ізденгенін атап өтті.

– Мен операны жазу барысында көп оқып, көп іздендім. Әр жаңа дерекпен танысып, көбірек оқыған сайын мен үшін қойылымдағы кейіпкерлердің мінез-құлықтары мен тұлғалық образдары пайда бола бастады. Сөйтіп, музыкамыз жақсара берді, әр кейіпкерге сәйкес әуенді үйлестірдік. Қойылымның қаншалықты бағалы екені уақыт өткен кезде түсінікті болады деп ойлаймын, – деді композитор Хамит Шанғалиев.

Айта кеткен жөн, операның бас кейіпкері Хан Сұлтан – Ұлыстың негізін қалаушы Жошы ханның үшінші әйелі, Алтын Орданың ұлы билеушілерінің бірі – Берке ханның анасы. Тарихта Хан Сұлтан туралы қалған аздаған деректің өзі бүгінгі зерттеушілер мен көркем шығармашылық өкілдері үшін баға жетпес қазына. Хан Сұлтан бейнесі – өзінің ерекше тағдырымен де қымбат тұлға. Опера Шыңғыс ханның мұсылман әлемінің үлкен мәдениет ошағы, түркілердің құрған үлкен саяси бірлестігі Хорезмшах мемлекетін жаулау кезеңінен басталып, Алтын Орданың алғаш қалыптаса бастаған кезімен аяқталады.

МЕРЕЙ

АРДАГЕРДІҢ ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙЫ

Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, қоғам және мемлекет қайраткері Виктор Изюмников өзінің жүз жылдық мерейлі мерекесін қарсы алды.



Виктор Карпович 1924 жылы Орал облысы, Зеленов ауданы, Черноярлов хуторында дүниеге келген. Виктор Карповичтің еңбегі жоғары мемлекеттік наградалармен: II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жауынгерлік қызметі үшін» медалімен, «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерімен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қос құрмет грамотасымен марапатталды. КСРО ХШЖК-нің екі мәрте құрмет дипломына, ондаған медальге (оның екеуі – алтын) ие.

Виктор Карпович – «Қазақстанның еңбек сіңірген агрономы», экономика ғылымының кандидаты. Екі мәрте ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қазақстан Компартиясының ОК мүшесі болды. Қазақстан Министрлер кеңесінің іс басқарушысы болып қызмет етті.

«Виктор Карпович Изюмников – біздің қоғамдық қордың Қамқоршылар кеңесінің белді мүшесі. Қоғамдық қор осымен екінші рет қоғам мен мемлекетке еңбегі сіңген қос ардагердің туғанына 100 жыл толған мерейлі мерекесін тойлады. Былтыр Тамара Александровнаның ғасырлық мерекесін тойлағанбыз. Ал міне, биыл Виктор Карповичтің ғасырлық мерейтойын атап өтудеміз. Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қалдыбековтың «Құттықтау хаты» тапсырылды. Салтанатты мерекені атап өтуге қаламыздың аудандарынан еңбек ардагерлері, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты», – деді іс-шараны ұйымдастырушы «ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балалары кеңесі» қоғамдық қорының атқарушы директоры Райхан Жапарханова.

Айнабай
ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ДЕМОГРАФИЯ

АЛМАТЫДА 200-ДЕН АСА ЕГІЗ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Ақжолтай ақпаратты «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалы жария етіп отыр. Аталмыш мекеме биыл дүниеге келген егіз балалардың рейтингісін жасады, оның көшін қаламыздың Алатау, Медеу және Бостандық аудандары бастап тұр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен, биылғы жылдың басынан бері Алматыда 213 егіз және 2 үшем дүниеге келген. Мәселен, халқы тығыз қоныстанған Алатау ауданында егіздерді туу көрсеткіші бойынша – 42 егіз бала, Медеу ауданында – 37 егіз бен 1 үшем, Бостандық ауданында – 30 егіз, 1 үшем дүниеге келіп отыр. Сондай-ақ, Наурызбай ауданында – 26 егіз, Өуезов ауданында – 22 егіз, Жетісу ауданында – 20 ана егіз бала, Алмалы және Түркісіб аудандарында – 18 егіз баладан дүниеге келген. Жалпы, Қазақстан мемлекеті егіздерді өмірге алып келуі жөнінен әлемде алғашқы елулікке енеді екен.



АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА!

Бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы республикалық бюджет есебінен төленеді. Бірінші, екінші, үшінші балаға – 38 АЕК. Төртінші және одан кейінгі балаларға – 63 АЕК.

Мәселен, егіздерді дүниеге әкелу жағынан көш басында Африка құрлығындағы Нигерия тұрса, Алматы қаласы егіз балалардың көрсеткіші бойынша республика

бойынша үштіктің қатарында тұр. Сондай-ақ, отбасында егіз, үшем, төрттем дүниеге келсе, біржолғы мемлекеттік жәрдемақы әр сәбиге жеке төленеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Баян АБДУЛЛАНОВА,
Алматы қаласы АХАТ басқармасының басшысы:

БИЫЛ 34 600 ТУУ АКТІСІ ТІРКЕЛДІ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет түрлері әрбір азамат үшін жеңіл әрі қолжетімді. Туу туралы куәлікке өтінімді онлайн-режимде және ХҚО арқылы беруге болады. Ата-ана атанған азаматтар туу туралы куәлікке тапсырысты өз бетінше проактивті түрде де және екінші деңгейлі банктердің қосымшалары арқылы да бере алады. Тек биылдың өзінде 34 600 туу актісі тіркелді. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет түрлері тегін көрсетілетінін еске салғым келеді.